

ISSN 2706-8293

Ғылыми  
журнал



Научный  
журнал

**Баишев университетінің**  
**ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК**  
**Баишев университета**

2024

№ 4 (86)

БАИШЕВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

ВЕСТНИК БАИШЕВ УНИВЕРСИТЕТА  
научный журнал

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2019 жыл 7 маусымда тіркелген, куәлік № № 17737-Ж  
Зарегистрирован в Министерстве информации и коммуникаций Республики Казахстан, свидетельство № 17737-Ж от 7 июня 2019 года.

Үш айда бір рет шығады Выходит один раз в три месяца  
2000 жылдан бастап шығады / Издаётся с 2000 года

№ 4 (86)  
декабрь 2024

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ CONTENTS

БАС РЕДАКТОР  
ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Ахан Б.А.

БАС РЕДАКТОРДЫҢ  
ОРЫНБАСАРЫ

ЗАМ. ГЛАВНОГО  
РЕДАКТОРА

Калаганова Н.К.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ  
РЕДКОЛЛЕГИЯ

Айпеисова С.А.  
(Республика Казахстан),

Румянцева В.Е.  
(Российская Федерация),

Джаксымуратов К. М.  
(Узбекистан),

Майданғалиева Ж.А.  
(Республика Казахстан),

Исакулов Б.Р. (Республика  
Казахстан),

Кайракбаев А. К.  
(Республика Казахстан),

Даев Ж.А. (Республика  
Казахстан),

Орлова С.Л. (Российская  
Федерация),

Манюкевич В. (Польша)  
Уразғалиева М.А.  
(Республика Казахстан),

Қондыбай К.Ә.  
(Республика Казахстан),

Бисенғалиева Г.М. (отв.  
секретарь)

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

Кульбаева Б.С., Миралиева А.Ж., Хасенова Ф. Қ. 4  
БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНДАҒЫ ОҚУ ҮРДІСІН  
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ  
ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Наренова А.Б., Калимухашева Б.Д. 9  
ЖАҢА ФОРМАЦИЯ ПЕДАГОГЫНЫҢ КӘСІБИ -  
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПОТЕНЦИАЛЫН ДАМУ  
Нұрқасым А.Н. 13  
ӘБДІЖӘМІЛ НҮРПЕЙІСОВТИҢ "СОҢҒЫ ПАРЫЗ"  
РОМАНЫНДАҒЫ БӘКІЗАТ БЕЙНЕСІ

Тлеуова А.З., Бисеналин Б.Е. 18  
КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕГІ КӨК БӨРІ МИФИ

Садыхов М.Ж., Абекешев А.И. 21  
ФИЗИЧЕСКАЯ ПОДГОТОВКА ЮНЫХ  
ФУТБОЛИСТОВ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ СРЕДСТВ  
ОСНОВНОЙ ГИМНАСТИКИ

ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫ

ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ

Тлеулина Б.Н. 29  
ОБЩАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА РЫНКА  
ПОЛИГРАФИЧЕСКИХ УСЛУГ В КАЗАХСТАНЕ

Шакибаева М.Р., Шакибаева М.Р., Калденова Г.С. 34  
ҚАЗАҚСТАНДА ТӨЛЕМ ИНДУСТРИЯСЫНЫҢ  
ДАМУЫНА ТАЛДАУ

Palvanova T.Sh 38  
THE ROLE OF BANK LENDING IN INVESTING IN  
SMALL AND MEDIUM-SIZED BUSINESSES IN  
AKTOBE REGION

**Адрес редакции:**

г.Актобе, ул.Бр.Жубановых  
д.302 «А»

для писем: 030000 г.  
Актобе, а/я 64  
e-mail: [vestnik@bu.edu.kz](mailto:vestnik@bu.edu.kz)  
тел.:8(7132) 974082

Жарияланған мақала  
авторларының пікірі  
редакция көзқарасын  
білдірмейді.

Мақала мазмұнына  
авторлар жауап береді.

Опубликованные  
материалы авторов не  
отражают точку зрения  
редакции.

Авторы несут  
ответственность за выбор и  
представление фактов.

Редакционная коллегия  
оставляет за собой право  
корректировки по ГОСТ  
7.5.-98 «Журналы,  
сборники,

информационные издания.

Издательское оформление  
публикуемых материалов»,  
ГОСТ 7.1-2003 СИБИД

«Библиографическая  
запись.

Библиографическое  
описание.

Общие требования и  
правила составления».

Сдано в набор 25.12.2024 г.  
Подписано в печать  
25.12.2024 г.

Формат 21x29,7. Печ.л.5,3  
Тираж 100 экз.

Отпечатано в РИО Баишев  
Университета

**ТЕХНИКА ҒЫЛЫМДАРЫ****ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ**

**Алдамжаров Н.Н., Шымберген А.** 44

ГИДРОГЕОЛОГИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА  
МЕСТОРОЖДЕНИЯ Южный Алибекмола

**Аскарова С.А.** 49

РОЛЬ ОХРАНЫ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ В  
ЭКОТУРИЗМЕ: КАК ДОСТИЧЬ ЧИСТОТЫ И  
ГРАМОТНОГО ОТНОШЕНИЯ К ПРИРОДЕ

**Бекетов Г.Ш., Беркешева А.С., Шопанова Г.Е.,** 55

**Тажиева Г.Н., Мырзабаев М.**

ВЛИЯНИЕ ЦИФРОВИЗАЦИИ НА  
ЭНЕРГЕТИЧЕСКИЙ СЕКТОР КАЗАХСТАНА

**Исакулов Б. Р., Жумамуратов Д. К., Балмагамбетова** 59

**Ф. Т., Сундетова А. Р., Исакулов А. Б.**

УВЕЛИЧЕНИЕ ФИЗИКО-МЕХАНИЧЕСКИХ  
ХАРАКТЕРИСТИК И ДОЛГОВЕЧНОСТИ  
АРБОЛИТОБЕТОННЫХ ИЗДЕЛИЙ СПОСОБОМ  
ПРОПИТКИ ТЕХНИЧЕСКОЙ СЕРОЙ

**Сұлтамұрат Г.И., Якубов К.М., Жексенбаева Г.М.** 67

КЕН МИНЕРАЛЫНЫҢ ТҮРІ БОЙЫНША ТЕМІР  
КЕНДЕРІНІҢ НЕГІЗГІ КЕН ОРЫНДАРЫН  
АНЫҚТАУ

**Төлеутай Г., Әнуарбек А.** 72

ҚАБАТ СУЛАРЫН ТАБИҒИ ФИЛЬТРАЦИЯ  
ӘДІСТЕРІМЕН ТАЗАРТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

**Шопанова Г.Е., Беркешева А.С., Бисалиев И. Ж.,** 76

**Длиббетов А.Д., Битлеуов А.Б.**

КӨЛІК ЛОГИСТИКАСЫ: ЖЕТКІЗУ ТІЗБЕГІН  
ТИІМДІ БАСҚАРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

**ӘЛЕУМЕТТІК –ҚҰҚЫҚТЫҚ ҒЫЛЫМДАР/****СОЦИАЛЬНО-ПРАВОВЫЕ НАУКИ**

**Абенова Н., Темирбай Н., Телибеков Б.А.** 81

ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ҚЫЛЫМСТЫҢ АЛДЫН  
АЛУ

**Аманғали А.А., Телибекова И.М.** 84

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫ  
БОЙЫНША ОТБАСЫЛЫҚ МҮЛІК: ТҮСІНІГІ,  
ТҮРЛЕРІ, ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ/  
ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

МРНТИ 14.01.07

Б.С.Кульбаева<sup>1</sup>, А.Ж. Миралиева<sup>2</sup>, Ф.Қ. Хасенова<sup>3</sup>

<sup>12</sup>Баишев университеті, Ақтөбе, Қазақстан Республикасы

<sup>3</sup>Баишев мектеп-лицей, Ақтөбе, Қазақстан Республикасы

[Aizhan\\_6465@mail.ru](mailto:Aizhan_6465@mail.ru)

**БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНДАҒЫ ОҚУ ҮРДІСІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-  
ПЕДАГОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

**Аңдатпа**

Бұл мақалада білім беру ортасындағы оқу процесін психологиялық-педагогикалық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етудің маңыздылығы қарастырылады. Зерттеуде ерекше қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтендіру және инклюзивті білім беру жүйесінің тиімділігін арттыру мәселелеріне баса назар аударылған. Жоба аясында ұлттық ойындарды («Тоғызқұмалақ», «Асық ату») оқу-тәрбие үрдісіне енгізу арқылы әлеуметтік-танымдық дағдыларды дамыту әдістері ұсынылды. Нәтижесінде мұғалімдерге арналған 5 тренинг өткізіліп, 100-ден астам оқушы ұлттық ойындар арқылы тың дағдыларды меңгерді. Жоба оқу үдерісін жаңғыртуға, мұғалімдердің біліктілігін арттыруға бағытталған.

**Түйін сөздер:** білім беру, инклюзивті әдістер, психологиялық-педагогикалық қолдау, ұлттық ойындар, әлеуметтендіру, ерекше қажеттіліктер, оқыту әдістемесі, әлеуметтік дағдылар, педагогикалық инновациялар, оқу-тәрбие процесі.

*Зерттеудің өзектілігі:* "Ерекше қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтендіру олардың білім беру жүйесіне толыққанды енуіне айтарлықтай байланысты. Дегенмен, мұғалімдердің инклюзивті әдістемеге дайындық деңгейі төмен".

*Зерттеудің идеясы* – ұлттық ойындарды оқу үдерісіне енгізу арқылы ерекше қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту». Қандай әдістер мен құралдар қолданып жүрміз, жобаны жүзеге асырудың қандай кезеңдері мен әдістері бар, соған тоқталайық. Мысалы: «Тоғызқұмалақ», «Асық ату» ойындары арқылы оқу-тәрбие үрдісіне инклюзивті әдістер енгізілді. Бақылау әдісі арқылы балалардың психологиялық және әлеуметтік жағдайы зерттелді. Нақты нәтижелер сандық және сапалық тұрғыдан қалай өлшеуге болады, соған тоқталсақ. «Жоба аясында мұғалімдерге арналған 5 тренинг өткізіліп, 100-ден астам бала ұлттық ойындар арқылы әлеуметтік-танымдық дағдыларын жетілдірді. Келешегі: «Келесі кезеңде жобаға басқа өңірлердегі мектептерді қосып, оқыту әдістемесін кең көлемде тарату жоспарлануда».

Инклюзивті балалар үшін ұлттық ойындарды пайдалану – олардың мүмкіндіктерін дамытуға, ұлт мәдениетімен таныстыруға, әлеуметтік бейімделуіне ықпал етудің тиімді жолы. Бұл әдіс балалардың физикалық, танымдық және әлеуметтік қабілеттерін дамытуға бағытталған. Ұлттық ойындар қабілеті әртүрлі балаларды ортақ іс-әрекетке тартуды жеңіл әрі қызықты етеді. Инклюзивті ортада ұлттық ойындарды пайдалану бойынша кеңестер:

Қимыл-қозғалыс ойындары: «Арқан тарту», «Сақина салу», «Алтыбақан». Бұл ойындар қимыл-қозғалыс белсенділігін дамытады және топтық жұмысты үйретеді. Логикалық ойындар: «Тоғызқұмалақ», «Асық ату». Олар ойлау, шоғырлану және стратегиялық дағдыларды дамытады. Музыкалық-ырғақтық ойындар: «Айгөлек», «Қара жорға». Балалардың есту және ырғақ сезімін дамытады.

Баланың қабілетіне қарай ойын ережесін жеңілдету. Қозғалысы шектеулі балаларды арнайы жабдықпен қамтамасыз ету (мысалы, жеңіл таяқ немесе арқан). Сенсорлық қажеттіліктерді қарастыру маңызды (тактильді немесе есту/визуалды элементтерді қосу).[13]

Қатысудың теңдігін қамтамасыз ету:

Ойынға барлық балалар қатыса алатындай жағдай жасау.

Балалардың ерекшеліктерін құрметтеу және қолдау.

Топтық жұмыс пен ынтымақтастықты дамыту:

Жұпта немесе топта ойындар ұйымдастыру.

Бір-біріне көмектесуге, қолдау көрсетуге үйрену.

Мотивация және марапаттау:

Барлық қатысушыларға жетістіктері үшін мақтау немесе шағын сыйлықтар беру.

Балаларды белсенділік пен шығармашылыққа баулу.

### **Инклюзивті балаларға ұлттық ойындардың пайдасы:**

Әлеуметтік бейімделу: Балалар бір-бірімен араласады және өзара түсіністік пен қолдау сезімін дамытады. Мәдени құндылықтарды түсіну: Ұлттық ойындар арқылы балалар туған елінің мәдениеті мен тарихын біледі. Өзін-өзі бағалау: Балалардың өзіне деген сенімі артады[13].

Дене дамуы: Физикалық ойындар денсаулықты жақсартады және моторикасын дамытады.[9]

Осылай, білім беру ортасындағы оқу үрдісін психологиялық-педагогикалық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету – бұл білім алушылардың жан-жақты дамуын, олардың қажеттіліктерін қанағаттандыруды және оқу мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін маңызды жүйе.[1, 2, 3, 4, 5] Бұл бағыт келесі негізгі компоненттерден тұрады:

#### **1. Психологиялық қамтамасыз ету**

*Диагностика:* Оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін зерттеу (қызығушылықтары, қабілеттері, оқу қиындықтары, эмоциялық жағдайы).

*Психологиялық қолдау:* Оқушылардың эмоционалды жағдайын реттеу, стреске төзімділігін арттыру және өзін-өзі дамытуға көмектесу.

*Кеңес беру:* Оқушыларға, ата-аналарға және мұғалімдерге психологиялық көмек көрсету.

*Инклюзивтілік:* Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жеке тәсілдерді ұсыну.

#### **2. Педагогикалық қамтамасыз ету**

*Оқу материалдарының бейімделуі:* Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне, даму деңгейіне және қажеттіліктеріне сәйкес оқу бағдарламаларын әзірлеу және бейімдеу.

*Оқыту әдістемелері:* Заманауи, тиімді педагогикалық әдістерді қолдану (мәселелік оқыту, саралап оқыту, ойын технологиялары).

*Мұғалімдерді даярлау:* Мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін арттыру, оларға педагогикалық дағдыларды жетілдіру бойынша семинарлар мен тренингтер өткізу.

#### **3. Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету**

*Оқу-әдістемелік құралдар:* Ғылыми негізделген оқу құралдарын, әдістемелік нұсқаулықтарды және дидактикалық материалдарды әзірлеу.

*Зерттеулер:* Білім беру үрдісінің тиімділігін арттыру үшін ғылыми зерттеулер жүргізу.

*Инновациялар:* Заманауи технологиялар мен әдістерді енгізу (цифрлық білім беру платформалары, жасанды интеллект негізінде білім беру құралдары).

*Білім беру үрдісінің тиімділігін арттыру үшін ғылыми зерттеулер жүргізу*

**Мақсаты:** Оқыту мен тәрбиелеу үрдісінің тиімділігін арттыру. Білім алушылардың академиялық үлгерімін, мотивациясын және тұлғалық даму деңгейін анықтау. Өртүрлі педагогикалық әдістердің, құралдардың және технологиялардың ықпалын талдау.

#### **1. Басым бағыттар[6, 7, 8]:**

**Тәрбие психологиясы:** Оқушылардың психологиялық ерекшеліктері

**Білім беру психологиясы:** Оқушылардың психологиялық ерекшеліктері мен оқуға деген қабілеттерін зерттеу.

*Педагогикалық тәсілдер:* Белсенді оқыту әдістері (мәселелік оқыту, STEM, саралап оқыту) тиімділігін талдау.

*Инклюзивті білім беру:* Ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға арналған бейімделген оқыту әдістерін зерттеу.

*Цифрлық оқыту:* Онлайн және гибриді оқытудың тиімділігі туралы эмпирикалық деректер жинау.[7]

*Әлеуметтік-психологиялық зерттеулер:* Мектептегі орта мен ата-аналардың оқу үрдісіне әсерін зерттеу.

## 2. Нәтижелері:

Нақты деректер негізінде ұсыныстар дайындау.

Әдістемелік материалдар мен нұсқаулықтар әзірлеу.

Білім беру саясатын жетілдіру үшін ғылыми дәлелдер ұсыну.

### **Инновациялар: Заманауи технологиялар мен әдістерді енгізу**

#### 1. *Цифрлық білім беру платформалары*[7]:

*Мақсаты:* Оқытудың қолжетімділігін арттыру және оқу материалдарын интерактивті ету.

*Мысалдар:* Moodle, Google Classroom, Kahoot, Microsoft Teams.

*Пайдасы:* Материалдарға қашықтан қолжетімділік. Оқу барысын бақылау (журналдар, тест нәтижелері). Оқушылардың белсенділігін арттыру.

2. *Жасанды интеллект (ЖИ):* Қолдану салалары; Дербестендірілген оқыту; ЖИ оқушының қабілетіне бейімделген оқу бағдарламаларын ұсына алады. Автоматтандырылған бағалау; Тесттер мен жазбаша жұмыстарды тексеру. Оқушылардың үлгерімін болжау Әлсіз жақтарын анықтау және ұсыныстар беру.

#### 3. *Геймификация:*

Оқыту процесін қызықты әрі тиімді ету үшін ойын элементтерін енгізу.

*Мысалы:* Балл жинау жүйесі, виртуалды марапаттар, квест тапсырмалары.

4. *Виртуалды және толықтырылған шындық (VR/AR):* Практикалық тәжірибені жақсарту үшін қолданылады.

*Мысалы:* VR-симуляторлар арқылы химия, физика зертханаларын жүргізу.

5. *Деректерді талдау:* Оқушылардың үлгерімі мен қатысуы туралы мәліметтерді жинау және сараптау. Мұғалімдер мен басшылыққа деректер негізінде шешім қабылдауға мүмкіндік беру. Педагогикалық психология: оқушылардың психологиялық ерекшеліктері мен қабілеттерін зерттейді. Белсенді оқыту әдістерінің тиімділігін талдау (проблемалық оқыту, STEM, саралап оқыту).

- Инклюзивті білім беру: ерекше қажеттіліктері бар студенттерге бейімделген оқыту әдістерін зерттеу.

- Сандық оқыту: онлайн және гибриді оқытудың тиімділігі туралы эмпирикалық дәлелдемелерді жинау.

*Әлеуметтік-психологиялық зерттеулер:* мектеп ортасы мен ата-ананың оқу процесіне әсерін зерттеу. Нәтижелер:

- Нақты деректерге негізделген ұсыныстарды дайындау.

- Оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеу.

- Білім беру саясатын жақсарту үшін ғылыми дәлелдемелерді ұсыну.

Біріктірілген нәтиже. Зерттеулер мен инновацияларды үйлесімді жүзеге асыру арқылы білім беру жүйесінің тиімділігін арттыруға, мүмкіндігінше оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын икемді, бейімделгіш жүйені құруға болады. Мұндай тәсіл білім сапасын арттырады және барлық білім алушыларға тең мүмкіндіктер береді.

4. Жүйенің өзара байланысы. Ата-аналармен жұмыс: Ата-аналарды оқу-тәрбие үрдісіне тарту, олардың рөлі мен жауапкершілігін түсіндіру. Мұғалімдер мен психологтар арасындағы ынтымақтастық: оқушылардың жеке қажеттіліктеріне негізделген бірлескен жоспарлар мен стратегияларды әзірлеу. Мұғалімдер мен психологтардың бірлескен жұмысы оқу үдерісінің

тиімділігін арттырады және оқушылардың дамуы мен оқу үлгерімін жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл ынтымақтастықтың негізгі аспектілері [10, 11, 12]:

- Оқушылардың академиялық, эмоционалдық және әлеуметтік дамуына қолдау көрсету.
- Оқыту процесінде кездесетін қиындықтарды ерте анықтау және шешу.
- Мұғалімдерге оқушылармен жұмыс істеуге қажетті психологиялық білім мен дағдыларды беру.

## 2. Ынтымақтастық бағыттары

Оқушылардың психологиялық диагностикасы. Міндеттері: Оқушылардың жеке ерекшеліктерін анықтау (қабілеттері, мінез ерекшеліктері, эмоционалдық күйі). Танымдық процестерді бағалау (зейін, есте сақтау, ойлау қабілеті).

- Мұғалімнің рөлі: Диагностикалық нәтижелерді оқу процесінде қолдану.
- Психологтардың рөлі: жеке даму жоспарларын құру, нәтижелерді түсіндіру және мұғалімдерге ұсыныстар беру.

### 2.1. Мәселені бірлесіп шешу

Оқудағы қиындықтар: Оқушылардың үлгерімін төмендететін факторларды анықтау және жеңу. Тәртіптік мәселелер: Тәртіптің бұзылуының себептерін талдау және алдын алу әдістерін енгізу.

- Эмоциялық күй:

Стресс, алаңдаушылық, өз-өзіне сенімсіздік сияқты мәселелерді шешу.

### 2.2. Инклюзивті білім беру [7]

- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер үшін жеке тәсілдерді әзірлеу.

Мұғалімдерге инклюзивті ортада қалай жұмыс істеу керектігін үйрету.

Психологтың мұғалімдерге тұрақты кеңес беруі.

### 2.3. Ата-аналармен жұмыс

Ата-аналарға оқушылардың оқу және мінез-құлық проблемалары туралы ақпарат беру.

Бірлескен консультациялар ұйымдастыру (психолог+педагог+ата-ана).

Баланы оқыту мен тәрбиелеу процесіне ата-ананың белсенді қатысуы.

### 2.4. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру

Мұғалімдерге арналған тренингтер:

Шыдамдылық дағдыларын дамыту.

Жанжалдарды басқару.

Эмоциялық интеллекті дамыту.

1. Психологтардың біліктілігін арттыру. Психологтардың көмегімен педагогикалық тәжірибені психологиялық негізде жетілдіру.

2. Ынтымақтастықты ұйымдастыру жолдары

3. Жоспарланған кездесулер мен кеңестер

- Апталық немесе ай сайынғы жиналыстарда студенттің жағдайын талқылау.
- Оқу жылының басы мен аяғындағы оқушылардың даму динамикасын бағалау.

### Бірлескен іс-шаралар [10, 11]

-Тәрбие сағаттарын немесе тренингтерді бірлесіп өткізу.

- Оқушыларға психологиялық ойындар мен жаттығулар ұйымдастыру.

*Ақпарат алмасу*

- Студенттік деректермен бөлісу (құпиялылықты сақтай отырып).

- Проблемаларды шешу бойынша ұсыныстар мен әдістермен алмасу.

4 Онлайн құралдарды пайдалану: Жалпы платформаларда (Google Workspace, Microsoft Teams) студенттердің даму динамикасы туралы ақпаратты сақтау. • Вебинарлар арқылы мұғалімдерге психологиялық қолдау көрсету.

**Нәтижесінде**, оқушылардың оқу-тәрбие процесіне қабілеті артады. Оқу мотивациясы артып, эмоционалды тұрақтылықты жақсартады. Мұғалімдердің кәсіби шеберлігі артады. Білім беру жүйесінің инклюзивтілігі мен тиімділігі артады. Мұндай ынтымақтастықты жүйелі ұйымдастыру барлық тараптар үшін табысты нәтижелерге қол жеткізеді.

*Білім ортасының сыртқы байланыстары:* ғылыми-зерттеу институттарымен, қоғамдық ұйымдармен және мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу.

Бұл процесті тиімді ұйымдастыру үшін оқу-тәрбие процесінің нәтижелерін үнемі қадағалап, талдау және жетілдіру қажет. Осы арқылы білім сапасы артып, әрбір оқушының мүмкіндіктерін толық іске асыруға болады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020–2025 жылдарға арналған білім беруді дамыту бағдарламасы.
3. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы.
4. Инклюзивті білім беруді дамытудың 2023 жылға дейінгі жоспары.
5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020–2025 жылдарға арналған білім беруді дамыту бағдарламасы.
7. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы.
8. Инклюзивті білім беруді дамытудың 2023 жылға дейінгі жоспары.
9. Выготский Л.С. Психология развития ребенка. — Москва: Педагогика, 1984.
10. Скаткин М.Н., Ильина Т.А. Дидактика средней школы. — Москва: Просвещение, 1985.
11. Кон И.С. Психология юношеского возраста. — Москва: Просвещение, 1979.
12. Абылкасымова А.Е., Каирова Г.А. Современные технологии обучения: проблемы и решения. — Алматы: КазНУ, 2015.
13. Мукашева Г.Е., Кайырбаев Ж.Н. Инклюзивное образование в Казахстане: теория и практика. — Астана: Фолиант, 2018.

### ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ И НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ УЧЕБНОГО ПРОЦЕССА В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЕ

#### Аннотация

В данной статье рассматривается важность психолого-педагогического и научно-методического обеспечения процесса обучения в образовательной среде. В центре внимания исследования вопросы социализации детей с особыми потребностями и повышения эффективности системы инклюзивного образования. В рамках проекта были предложены методы развития социально-познавательных навыков путем внедрения в образовательный процесс национальных игр («Тогызкумалак», «Асык Ату»). В результате было проведено 5 тренингов для учителей, и более 100 учащихся освоили новые навыки посредством национальных игр. Проект направлен на модернизацию образовательного процесса и повышение квалификации преподавателей.

**Ключевые слова:** образование, инклюзивные методы, психолого-педагогическое сопровождение, национальные игры, социализация, особые потребности, методика обучения, социальные навыки, педагогические инновации, образовательный процесс.

### PSYCHOLOGICAL, PEDAGOGICAL, SCIENTIFIC AND METHODOLOGICAL SUPPORT OF THE EDUCATIONAL PROCESS IN THE EDUCATIONAL ENVIRONMENT

#### Abstract

This article discusses the importance of psychological, pedagogical and scientific-methodical support for the learning process in the educational environment. The focus of the study is on the socialization of children with special needs and improving the effectiveness of the inclusive education system. The project proposed methods for developing social and cognitive skills by introducing national games ("Togyzkumalak", "Asyk Atu") into the educational process. As a result, 5 trainings



were held for teachers, and more than 100 students mastered new skills through national games. The project is aimed at modernizing the educational process and improving the qualifications of teachers. **Keywords:** education, inclusive methods, psychological and pedagogical support, national games, socialization, special needs, teaching methods, social skills, pedagogical innovations, educational process.

МРНТИ 14.07.03

**А.Б. Наренова<sup>1</sup>, Б.Д. Калимухашева<sup>2</sup>**

<sup>12</sup>*Баишев университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан Республикасы*

[narenova60@list.ru](mailto:narenova60@list.ru)

## **ЖАҢА ФОРМАЦИЯ ПЕДАГОГЫНЫҢ КӘСІБИ - ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПОТЕНЦИАЛЫН ДАМУ**

### **Аннотация**

Мақалада жаңа формация мұғалімінің кәсіби - шығармашылық күзiреттiлiгiн дамыту потенциалын оқу үдерісінің сапасын арттыру және инновациялық негізде өз дамуының оңтайлы бағыттарын іздеу мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар, авторлар мұғалімнің инновациялық іс-әрекетін зерттеу негізінде кәсіби өзін-өзі жетілдіру арқылы инновацияларды енгізуден тұратын, жоғары білімге ие жаңа формация мұғалімінің функционалды компоненттерін ұсынады.

**Кілт сөздері:** Функционалды компонент, шығармашылық бағыттылық, жаңа формация, инновация, педагогикалық үрдіс, педагогикалық іс –әрекет.

Қазіргі білім беру жүйесінің өзекті мәселелерінің бірі - бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу. Сонымен қатар, инновацияға бейімділік болашақта қызмет саласын, кәсіби ортаны оңай өзгертуге және әрқашан жаңа, беделді жұмыс саласына көшуге дайын болуға мүмкіндік береді.

Жаңа формация мұғалімі - рухани дамыған, әлеуметтік жағынан жетілген, шығармашыл тұлға, педагогикалық құралдардың барлық түрінен хабардар және кәсіби түрде меңгерген, өзін-өзі үнемі жетілдіруге ұмтылатын білікті маман. Елімізде, қоғамда болып жатқан өзгерістер, заманауи мұғалімге жаңа талаптар қойып отыр. Ол қандай, қазіргі мұғалім? Шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасай алатын, оқушылардың білімді шығармашылықпен қабылдауға деген құштарлығын дамыта алатын, өз бетінше ойлауға үйрететін, материалды оқып-үйрену барысында өз бетінше сұрақтар құрастыра алатын, жан-жақты жетілген тұлға. Қажеттіліктерін жүзеге асыру, пәндерді оқуға деген ынтасын арттыру, олардың жеке бейімділіктері мен дарындылығын ынталандыра алатын заманауи мұғалім болуы керек.

Жаңа формация мұғалімі үнемі шығармашылық ізденіс үстінде, өз ісіне және шәкіртіне деген сүйіспеншілікті біріктіреді, балаларды оқытуды ғана емес, сонымен қатар шәкірттерінен де үйренуге қабілетті. Заманауи мұғалім - кәсіби маман ретінде әрбір баланың жан дүниесіндегі ең жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп, балаларды алған білімінен қуанышқа бөлейтіндей, мектеп бітірісімен қоғамдағы өз орнын айқын сезініп, сол үшін еңбек ете алатындай етіп ынталандыруы керек.

Жаңа формация мұғалімінің білімі:

1. Ғылыми теория, гносеология, әдіснама негіздерін білу.

2. Мамандық пәнін жақсы білу.

3. Мұғалімнің жеке сенімін көрсететін және танымның шығармашылық үдерісін ынталандыратын энергиясы болуы керек.

Жаңа формация мұғаліміндегі іскерлігі:

1.Әлемді және адамдарды сөзсіз қабылдауы және балаларды жақсы көруі, мұғалімнің адамгершілік ұстанымы мен маңызды қасиеттерінің құрамдас бөлігі.

2.Баланы құрметтеу – әр адамды жеке тұлға ретінде көру – ұстазға қажетті қасиет.

3. Баланы тану, түсіну, сену – оның орнына өзінді қоя білу, оның көзімен әлемді көре білу керек.

4.Әр оқушының өзіндік қайталанбас рухани әлемі, өз тәжірибесі, әдеті, көзқарасы бар, оқушының рухани әлемі мен табиғатына сақтықпен қарау.

5. Өз қадірін қорғау және дамыту – онсыз білім де, өзін-өзі тәрбиелеу де мүмкін емес.

Мұғалімнің кәсіби шеберлігі оның кәсіби жарамдылығымен анықталады. Кәсіби өзін-өзі анықтау өзін-өзі дамыту, яғни кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін қажетті қасиеттерді мақсатты түрде қалыптастыру. Заманауи шебер ұстаздың ерекшелігі - өзін-өзі сынай білуі, эрудициясы мен жоғары еңбек мәдениеті өзін-өзі үнемі жетілдіріп отыруы. Мұғалімнің кәсіби өсуі өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігінсіз мүмкін емес. Заманауи мұғалім үшін мұнымен ешқашан тоқтап қалмай, алға ұмтылу өте маңызды, өйткені мұғалімнің еңбегі шексіз шығармашылықтың тамаша қайнар көзі болады[1,150- 153 бб].

Мынадай аңыз бар. «Мындаған жылдар бұрын Құдай адамның зұлымдықтарын көбейтіп, оларға көмектесуге шешім қабылдады. Ол жоғары рухты шақырды және былай деді: «Адамдар өз жолын жоғалтты. Қалай болуы керек?» деп сұрады. Рухтардың бірі пайғамбарлық арманға шабыттандыруды ұсынды, екіншісі көктен маннаны, ал үшінші - Құдайдан келген суды жіберді. Төртінші рух ғана айтқан: «Әр адамды білімге шөлдетіп, оларға мұғалім сыйла». Кез-келген өркениетте мұғалім жетекші рөл атқарады: «саясаткер емес, генерал емес, тіпті ғалым - мұғалім келешек дәуірдің басты тұлғасы болуға тиіс».

Қазіргі таңда өмір әлемі шексіз өзгермелі. Білім берудегі елеулі өзгерістердің маңызы мұғалімнің кәсіби санасында түбегейлі үлкен өзгеріссіз болуы мүмкін емес. Қазіргі заманғы мұғалімге жаңа білім мен түсініктерді меңгеру қажет. Қоғам бүгінгі күнге және жақын болашақта білім беру жүйесіне нақты талаптар қойып отыр. Бұл:

- оқушының қауіпсіздігін және толық дамуын қамтамасыз ету;
- жоғары сапалы оқыту;
- кәсіби дайындық;
- азаматтық қоғамды, құқықтық мемлекетті және нарықтық экономиканы модельдеу;
- мобильді экономика мен халықты әлеуметтік қорғау жүйесін қалыптастырудағы мемлекеттік күш-жігерді қолдау.

Қазіргі қоғам өз мүшелерінің негізгі құзыреттілікке ие болуын талап етеді, оның ішінде:

- объективті қажеттіліктер туралы хабардар болу;
- тапсырмаларды бекіту;
- өз іс-әрекетінің ықтимал салдарын болжау;
- олардың тиімділігін бақылау;
- нәтижелерді бағалау;
- ағымдағы қызметті түзету.

Әлеуметтік-экономикалық жағдай өзгерді және қоғамның одан әрі дамуын қамтамасыз ету үшін мұғалімнің педагогикалық кәсібилігін қалыптастыру жүйесінде тиісті өзгерістерді талап ететін мектеп деңгейінде жаңа құндылықтар мен дағдыларды қалыптастыру қажет.

Бүгінгі күні оқыту бір мәселемен біріктіріледі - үнемі өзгермелі әлемге бейімделе алатын бәсекеге қабілетті, икемді адам дайындау. Әр мұғалім бұл мәселені өздерінің оқу пәндері арқылы шешеді. Өзгертілген білім беру парадигмасы бізден ішкі және әлемдік педагогикалық ғылымның жинақталған барлық оң тәжірибесін қолдануды, біздің мектептің және басқа оқу орындарының жұмыс істеуінің барлық аспектілеріне әсер ететін іргелі өзгерістерді ескере отырып, қайта қарастырады. Біз мұғалімнің жаңа кәсібилігін, оның педагогикалық мәдениетін қалыптастыру сәйкестігіне баса назар аударамыз.

Бүгінгі күні жаңа мектеп мұғалімінің педагогикалық кәсібилігін қалыптастыруда күрделі проблема психологиялық факторға айналды, ол өзінің меншікті, қазірдің өзінде қалыптасқан педагогикалық іс-әрекет жүйесін модернизациялау қажеттілігіне байланысты.

Педагогикалық үдеріс, кәсіби іс-әрекеттің кейбір құрылымдарын репродуктивті - түсіндіру әдісімен және қарым-қатынастың авторитарлық стиль негізінде талап етеді. Оқыту, қарым-қатынастың гуманистік стилі мен диалогтық- дамыту әдісінде, мұғалімнің іс-әрекеттері жаңа сапалық қасиетіне талап қойып құрылады.

Қазіргі заманғы гуманистік педагогика білім беруді оқушының жеке басына бағытталған процесс ретінде қарастырады. Жеке тұлғаның өзіндік құндылығын тану, оны дамытуға құқықты, оқу үдерісінде шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру үшін жағдай жасау, сондай-ақ өмірдің кең ауқымында қазіргі заманғы білімге жалпы көзқарасын айқындау.

Инициатившіл дарынды балаларды қолдау олардың дамуына жағдай жасаумен тікелей мұғалімнің кәсіби деңгейіне байланысты. Мұғалімнің табысты кәсіби дамуы көптеген факторларға сүйенеді. Педагогикалық іс-әрекет проблемасын дамыта отырып, Педагогикалық психология оқулығында Н.В. Кузьминаның бес функционалды компоненті көрсетілген:

- Гностикалық (танымдық)
- Жобалаушылық
- Құрылымдық
- Ұйымдастырушылық
- Коммуникативтік

1. Гностикалық (танымдық) компонент мұғалімнің академиялық қабілетіннің негізі және өз пәніні жетік білуі болып табылады

2. Жобалау компоненті білім берудің болашақ міндеттері, сондай-ақ стратегиялар мен оларға қол жеткізу жолдары туралы идеяларды қамтиды.

3. Құрылымдық компонент - мұғалімнің өз іс-әрекетінің ерекшеліктері және білім берудің өзекті мәселесі мен нақты мақсаттарын есепке ала отырып, оқушылардың оқу әрекеттерін құрайды.

4. Коммуникативтік компонент - мұғалімнің коммуникативтік белсенділігінің ерекшеліктері, оның оқушылармен өзара әрекеттесу ерекшелігі. Білім беру мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған білім беру іс-әрекетінің нәтижелілігімен байланысқа баса назар аударылады.

5. Ұйымдастырушылық компонент - мұғалімнің жеке іс-әрекетін ұйымдастырады, сондай-ақ оқушылардың қызмет ету дағдылар жүйесін белсендіреді.

Мектептің негізгі міндеті педагогикалық іс-әрекеттің осы компоненттерін қалыптастыру мен дамыту үшін жағдай жасау болып табылады. Кез-келген мектептің педагогикалық ұжымы алдында тұрған маңызды мәселе - мұғалімнің кәсіби дамуын талап ететін білім берудің жаңа сапасына көшу стратегиясын таңдау [2,144- 145 бб].

Педагогикалық кәсіби - шығармашылық потенциалдың құрамдас бөліктері: интеллектуалды, зияткерлік дағдыларды іске асыруды қамтамасыз ететін; тұлғаның өзін- өзі дамытуға ынталандырушы, коммуникативті, қарым-қатынас процесінде тұлғаның өз мүмкіншіліктерінің алғышарттарын жасай отырып, жаңа ақпараттық нысандарды іздеуге және қалыптастыруға бағытталған ойлау қабілеті.

Кәсіби - шығармашылық дегеніміз - индивидтің жалпы қабілеттеріне негізделген интеграцияланған жеке сипаттама, оның жеке басының өсуіне, зияткерлік саланың өзгеруіне, сонымен қатар адамның басқа адамдармен қарым- қатынасы процесінде өзін-өзі танытуға бағытталуы тиіс.

Қоғам заманауи мектеп мұғалімдеріне жоғары талаптар қояды, соның негізінде мұғалім оқушылардың қабілеттері мен мүмкіндіктері ғана емес, сонымен қатар олардың жеке басының максималды дамуы ескеріліп, оқыту процесін құруы қажет. Сондықтан бұл өте өзекті мәселе: өйткені білім сапасы мұғалімнің шығармашылыққа, танымға, өзін-өзі дамытуға деген жан-жақты ұмтылысы мен ұстанымына байланысты жүзеге асады.

Мұғалімнің жұмысындағы кәсіби - шығармашылық дегеніміз - кәсіби іс-әрекетінің шығармашылық ерекшеліктері мұғалімнің психикалық әрекетінің белгілі, ерекше стилін болжайды. Ол мұғалім тұлғасының когнитивтік, эмоционалды, ерікті және мотивациялық сфераларының күрделі синтезін тудыратын, одан әрі нәтижелердің жаңалығымен және

маңыздылығымен байланысты. Шығармашылық критерийлерін анықтау мәселелеріне қазіргі заманғы шетелдік ғалымдар зерттеу жүргізді, мысалы, Е.П.Ильин өз зерттеулерінде педагогикалық шығармашылық – педагогикалық іс-әрекет саласында жаңа нәрсені іздеу және ашу деп анықтама береді.

Шығармашылық – бұл өзі үшін жаңалық ашу, педагогикалық мәселелерді шешудің стандартты емес тәсілдерін ашу, екінші жағынан, өзі үшін ғана емес, сонымен қатар басқалар үшін яғни жаңашылдық, педагогикалық процестің кез келген жағдайына тиімді оқытудың жаңа әдісін жасау аясында тиімді жұмыс істейді. [3, 21-23 бб].

Болашақта кәсіби - шығармашылық потенциал құрылымында сапалы өзгеріс болады, мұғалім дамудың жаңа кезеңіне көшеді және педагогикалық іс-әрекетте бұрын алған білімін, дағдылары мен қабілеттерін көбірек дамытып жетілдіреді. Мұғалімнің кәсіби - шығармашылық потенциалының дамуы, әрдайым оқушылардың педагогикасы мен психологиясы саласындағы барлық жаңалықтарға ашық жүйе болып табылады. Алдыңғы қатарлы ақпараттың, жаңа білім, дағдылар мен қабілеттерге деген қызығушылықтың болмауы шығармашылыққа зиян тигізеді және оның нашарлауына әкеледі

Сонымен ғылыми әдебиеттермен мұғалімнің кәсіби деңгейінің тәжірибесін талдау мен инновациялық іс-әрекетін зерттеу негізінде мынадай қорытындыға келдік. Мұғалімнің шығармашылық бағыты кәсіби міндеттері өнімді шешуге дайындығымен бағаланады. Жаңа формация мұғалімінің кәсіби – шығармашылық потенциалы, танымдық белсенділіктің, шығармашылық қабілеттердің, тиісті білім мен дағдылардың жоғары деңгейде болуымен және жаңа білім беру технологияларын меңгеруімен сипатталады [5, 12-14 бб].

Мұғалімнің шығармашылық бағыты тәжірибелік іс-әрекет пен қарым-қатынас сияқты кәсіби тұлғаның өзгеруінің негізгі көздерін ескере отырып кәсіби ортада жүзеге асырылады. Мұғалімнің кәсіби өзін-өзі жетілдіруі әдістемелік, мазмұндық, технологиялық бағытқа негізделеді.

Өркениетті әлемдегі ұстаздың құндылығы ерекше. Мұғалімнің екі негізгі компоненті бар - шеберлік және тұлға. Егер мұғалім бұларды білмесе, онда оның жұмысының тиімділігі туралы талқылауға болмайды. Шынайы мұғалім әрдайым өзінің жеке ерекшелігін сақтауға тырысады, өйткені мұғалімнің кәсібилігі (профессионализмі) оның жанының бөлінбес қажымас еңбегі.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Хуторской А. В. Педагогическая инноватика. – М.: Академия, 2010. – 256 с.
2. Зимняя И.А. Педагогическая психология. Учебник для вузов. Изд. второе, доп., испр. и перераб. - М.: Издательская корпорация «Логос», 1999. - 384 с.
3. Ильин Е.П. Психология творчества, креативности, одаренности. – Питер; СПб.: 2009. – 434 с.
4. Комарова, М.Ю. Развитие творческого потенциала будущих учителей во внеаудиторной деятельности. Автореферат на соискание ученная степень канд. пед. наук. Иркутск, 2002г.
5. Загвязинский В.И. Педагогическое творчество учителя – М.: Знание 2013. – 364с.

## РАЗВИТИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ТВОРЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА ПЕДАГОГА НОВОЙ ФОРМАЦИИ

### Аннотация

В статье рассматриваются вопросы повышения качества образовательного процесса, потенциала развития профессиональной и творческой компетентности учителя новой формации, поиска оптимальных направлений его развития на инновационной основе. Кроме того, авторы представляют функциональные компоненты педагога новой формации, которые заключаются во внедрении инноваций через профессиональное самосовершенствование, основанное на изучении инновационной деятельности педагога.

**Ключевые слова:** функциональный компонент, творческая направленность, новая формация, инновация, педагогический процесс, педагогическая деятельность.

## DEVELOPMENT OF THE PROFESSIONAL AND CREATIVE POTENTIAL OF THE TEACHER OF THE NEW FORMATION

### Annotation

The article discusses issues of improving the quality of the educational process, the potential for developing the professional and creative competence of a teacher of a new formation, and searching for optimal directions for its development on an innovative basis. In addition, the authors present the functional components of a teacher of a new formation, which consist in the introduction of innovations through professional self-improvement, based on the study of the innovative activities of the teacher.

**Keywords:** functional component, creative orientation new formation, innovation, pedagogical process, pedagogical activity.

МРНТИ 17.00.00

**А.Н. Нұрқасым**

*Баишев университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан Республикасы*

*nurkasymajmagul69@gmail.com*

## ӘБДІЖӘМІЛ НҮРПЕЙІСОВТІҢ "СОҢҒЫ ПАРЫЗ" РОМАНЫНДАҒЫ БӘКИЗАТ БЕЙНЕСІ

### Аннотация

Бұл мақалада қаламгер Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романының кейіпкері Бәкизат бейнесі талданып, әйел тағдырының өзекті мәселесі баяндалады. Жазушы кейіпкердің көркем бейнесіне сипаттама берерде оның кескіні мен тұлғасы, мінезі мен іс-әрекеттері арқылы сол заманға сай әйел тағдырын суреттегені туралы айтылады. Кейіпкердің өзіне тән ерекшелігі дәстүрлі қоғамда болып жатқан өмірдің қыр-сырын ашу үшін қаншалықты керек болса, соншалықты оның жеке тұлғалық белгілерінің маңызды рөл атқаратынын жазушы толық жеткізе алғандығы мәлімделеді.

Жазушы кейіпкердің күрделі де көпқабатты сипатын ашу үшін түрлі көркемдік құралдарды пайдаланады. Оқырманға оның іс-әрекетінің себептерін тереңірек түсінуге көмектесетін мінез-құлық ерекшеліктері мен қимыл-қозғалыстарын сомдау арқылы көркем жеткізгені айтылады.

**Негізгі сөздер:** парыз, бейне, әйел тағдыры, еркіндік, қоғам.

XX ғасырдағы ең ірі қазақ жазушыларының бірі Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романы — қазақ әдебиетінің көрнекті туындыларының бірі. Бұл шығарма адам мен табиғаттың, дәстүр мен жеке адамның арасындағы күрделі қарым-қатынасты бейнелейді. Романның басты тақырыптарының бірі — әйел тағдыры, әсіресе дәстүрлі қоғамда өмір сүретін әйелдің жеке өмірі мен еркіндігіне шектеу қойылуы. Автордың Бәкизат бейнесі арқылы қозғаған мәселелері әйелдердің әлеуметтік және рухани жағдайына терең үңілуге мүмкіндік береді. Әйел тағдырының көріністері тек өткен дәуірдің мәселесі ғана емес, ол қазіргі қоғамда да өзекті. Бәкизаттың ішкі жан дүниесінің күйзелісі, сезімі мен қоғам алдындағы парызы арасындағы тартысы – көптеген әйелдердің өмірінде қайталанатын жағдай. Роман әйелдердің өмірдегі рөлін, таңдау еркіндігін және олардың қоғамның дәстүрлі талаптарына сай келуінің салдарын айқындайды. Шығармада бұл мәселеге көңіл бөлу тек әдеби тұрғыдан емес, әлеуметтік және адамгершілік тұрғысынан да маңызды. Әйелдердің теңдігі, олардың өз өміріне қатысты шешім қабылдау құқығы және қоғамдағы орны бүгінгі күннің өзінде де өзекті тақырып болып отыр [1].

Әбдіжәміл өзінің ірі туындысы арқылы қазақ халқының өмір тіршілігін суреттеп қана қоймай, сол уақыттағы негізгі философиялық және адамгершілік мәселелерді сипаттайтын көп қырлы бейнелерді жасады. Осындай кейіпкерлердің бірі Бәкизат шығармадағы әйелдердің ортақ бейнесі еді. Ол шығармадағы сюжеттерді бір-бірімен байланыстырушы ғана емес, ішкі қайшылықтардың, әлеуметтік теңсіздіктердің және парыз бен сезім арасындағы мәңгілік күрестің символы болып табылады.

Қаламгердің туындысындағы Бәкизаттың бейнесі дәстүрді бірінші кезекке қоятын қоғамдағы әйел тағдырының күрделі де қайғылы жақтарын ашады. Ол сырт көзге нәзік әрі әлсіз көрінгенімен, қазақ даласындағы құмды құйын сияқты, артына өз ізін қалдыра біледі. Бәкизат қоғамдық тәртіптің кешірілмейтін шеңберіне тап болған әйелдің бейнесін ерекше сомдайды. Өйткені ол романда жәбірленуші ретінде де, оқиғалардың белсенді қатысушысы ретінде де әйелдердің басынан өткен қиын тағдырдың көрінісін көз алдымызға әкелді. Оның өмірі қоғамдағы салт-дәстүр мен жеке басындағы қақтығыстарды және әйелдің еркіндікке ұмтылу әрекеттеріне қарамастан, бостандығына шектеу қою секілді шиеленістерді көрсетті[2,3,4].

Шығарманың алғашқы кездерінен-ақ оқырманға Бәкизаттың өмірі азап пен қайғыға, орындалмаған арман мен жан-дүниесі жалғыздыққа душар болған әйел ретінде көрінеді. Шындап келгенде, оның басына түскен тағдыры қайғы-мұңға толы еді. Бәкизат күйеуімен күрделі қарым-қатынасты бастан кешіреді: күйеуі оның жан-дүниесінің тереңіне бойлай алмай, өзара түсініспеушілік орын алады. Берекеті кетіп, өзара үйлесімділіктен айырылған бұл неке ол үшін үнемі азап шегудің қайнар көзіне айналады. Күйеуімен жанжал, махаббат пен түсіністіктің жоқтығы отбасының шырқын бұзады. Оқиғалардың бірінде Бәкизат өз сезімдерін білдіруге тырысады, бірақ күйеуінің салқындығы мен немқұрайлылығына тап болады. Бұл дәстүрлі қоғам шеңберінде әйелге еркіндік пен сезім құқығы берілмейтінін көрсетеді. Өйткені дәстүрлі қағидаларды әйел бостандығынан жоғары қояды. Ал Бәкизат рухани жалғыздықтан шығудың бір-ақ жолы шынайы махаббат деп ойлайды. Оның сағыныш пен азапқа толы әрбір ойы мен көзқарасы қоғамның қатыгез ұстанымдарына үнсіз қарсы тұру әрекетінен көрініс табады. Соның салдарынан күйзеліске ұшырап, өз бейнесінің трагедиялық жақтарын күшейте түседі. Себебі қоғам Бәкизаттан мойынсұнғыш әйел және ана ретінде белгіленген ережелерді сақтауды талап етеді. Оның бақыты қоғамның тыныштығы үшін құрбан болғанын түсінеді. Тіпті оның туыстары оның жеке басын қолдауға жол бермейтін жүйені қолдайды. Ол өзінің бақытқа жету жолында жасаған әрекеттері сәтсіздікке ұшырайтынын түсініп, ақыр соңында қоғамның талабына сәйкес келетін, бірақ өзінің ішкі қалауына қайшы келетін жолды тандайды. Алайда оның қиын тағдыры тек жеке басымен ғана шектелмейді. Бұл әйелдердің қоғамдағы жағдайының жан-жақты мәселелерін көрсетеді. Мұнда Бәкизаттың рөлі ер адамдардың мүдделеріне ғана қызмет ету мен салт-дәстүр қағидаларын қатаң сақтау болып табылады.

Бәкизат бейнелейтін ортақ қақтығыстардың бірі – отбасы, қоғам алдындағы парызы мен жеке басының үміті арасындағы қарама-қайшылық. Бұл ішкі жанжал, әсіресе, ол өзінің жеке басы мен ішкі қажеттіліктерін түсіне бастаған сәттерде ушыға түседі. Бәкизат махаббатқа, бостандыққа, бақытты болу құқығына ұмтылады, алайда қоғамдық ұстанымдар оған өзінің міндеті мен жауапкершілігін үнемі еске салып отырады. Сондықтан ол некені отбасы мен қоғам алдындағы сөзсіз қарыз ретінде қабылдайды. Отбасында сүйіспеншілік пен түсінушілік орын алмаса да, Бәкизат үлгілі әйел рөлін жалғастыра береді. Оның күйеуі әйел ер адамға бағынуға міндетті деген дәстүрді ұстанатын әлемнің кейпінде өмір сүреді. Сол адамнан жүрегі суып қалса да, оған қамқорлық жасауға мәжбүр болады. Бұл міндет оның ішкі бостандығын бұзып, бақытты болу мүмкіндігінен айырады. Махаббат пен бостандық туралы арманының белгісіне айналған сүйікті адамына шынайы сезімін білдіре алмай, оны өзінде құпия ұстайды. Өйткені өз махаббатын жариялап айтуға мүмкіндігі жоқ. Бұл әрекет қоғамның шырқын бұзады деп білгеннен соң, отбасы алдындағы жауапкершілікті өз өмірінің басты міндетіне айналдырады. Балалары қорғаусыз және қолдаусыз қалады деп қорыққандықтан, өз некесін бұзып, жаңа өмір бастау ойынан бас тартады. Бұл таңдау өз бақытын басқалар үшін құрбан

етуге дайын екендігін айқындайды. Алайда дәстүрлі қазақ қоғамы оның жеке тұлғалық көрінісі мен ұмтылыстарын дәстүрге бой ұсынбаушылық деп түсінеді. Сол себепті айналасындағы туыстары мен көршілері оның күйеуіне деген суық көзқарасын байқаған кезде, Бәкизаттан күйеуіне мойынсұнғыш және адал жар болуын талап етеді. Бұл қысым оның ішкі жанжалын одан әрі күшейтіп, қоғамдық негіздерге түпкілікті бағынуға мәжбүр етеді.

Жазушы кейіпкердің ішкі күйзелісін оның ойлары мен әрекеттері және өзара тілдесу жолдарымен әдемі жеткізеді. Бәкизат тағдырды оңайлықпен мойынсұна қабылдайтын әлсіз, жуас кейіпкер емес. Оның әділетсіздікке қарсы наразылық білдіре алу әрекеттері ақыл-ойының күштілігі мен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысының дәлелі болып табылады. Алайда бұл әрекеттер көбінесе дәстүрге қарсы шыға алатын әйелді қабылдауға дайын емес қоғамның қатыгез қағидаларына тап болады[4,5].

Бақизаттың өмірі қазақ даласында болып жатқан әлеуметтік өзгерістермен тығыз байланысты. Оның жеке басының трагедиялық жағдайы ескі және жаңа әлем арасында арпалысқан әйел тағдырының көрінісі бола білді. Оның отбасындағы әйел, ана, ошақ басының қамқоршысы ретінде өседі. Бірақ Бәкизаттың ішінде бостандық, махаббат пен түсіністік туралы армандардың ұшқыны жанып тұрса да, оларға бұл әлемде орын жоқ еді. Бақизат қанша қиналса да, өзін жоғалтпауға тырысады, бірақ оның ізденісі шөлде адасқан саяхатшы іспеттес күй кешеді. Әр қадамы қоғамдық ұстанымдардың тұрақсыз жағдайынан шыға алмайды. Оның ішкі қақтығысы – бұл жеке бастың еркіндігіне ұмтылған жан айқайы мен отбасы және қоғам алдындағы жауапкершілігі арасындағы күрес. Бәкизаттың бейнесі тарих шеңберінен шығып, дәуірдің символына айналады. Романда сипатталған уақыттар үлкен көлемде болған әлеуметтік және мәдени өзгерістермен терең суреттеледі. Қазақ халқының дәстүрлі өмір салты отарлау, жаңғырту және идеологиялық өзгерістер сынды сыртқы факторлардың әсерінен құлдырай бастайды. Бәкизат ескі қағидалар жаңа өмірдің сұраныстарын қанағаттандыра алмайтын, ал жаңа құндылықтар болса қоғамда әлі қалыптаспаған өтпелі кезеңді басынан кешіреді. Оның ішкі жан-дүниесінің арпалысы адамдардың салт-дәстүрге адал болу немесе өзгерістерді сөзсіз қабылдау арқылы алға жылжу секілді таңдау жасайтын кезеңдегі дағдарыстарды көрсетеді.

Әбдіжәміл Нұрпейісов Бәкизаттың күрделі де көпқабатты сипатын ашу үшін түрлі көркемдік құралдарды пайдаланады. Оқырманға оның іс-әрекетінің себептерін тереңірек түсінуге көмектесетін және ішкі әлеміне берілген сипаттамалары маңызды рөл атқарады. Оның мінез-құлық ерекшеліктері мен барлық қимыл-қозғалыстары арқылы автор айтылмаған тұстарды жеткізеді. Бәкизат пен оның қоршаған ортасы арасындағы қақтығыстарды ашатын сөздерге ерекше назар аударады. Бұл өзара айтылған сөздер көбінесе жасырын драмаға, шиеленіске толы болады. Бұл кейіпкердің бейнесіне деген психологиялық сенімділікті арттырады. Сонымен қатар жазушы Бәкизат бейнесінің негізгі аспектілерін көрсету үшін символизмді шебер қолданады. Мысалы, кейіпкерді қоршап тұрған табиғат көбінесе өзі армандаса да, қол жеткізе алмайтын еркіндіктің символына айналады. Кейіпкердің эмоционалды көңіл-күйін суреттейді. Бір уақытта сұлулық пен әлсіздіктің бейнесіне айналса, бірде жел сияқты күшті әрі еркін түрдегі қалыпқа енеді. Тіпті оның өмірін даладағы жалғыз ағаш, құлаған ауыл және күн батқан аспанға ұқсатады. Осы бейнелер арқылы қаламгер оның тарихтағы қайғылы рөлін атап көрсетеді. Қаламгер оқырмандарға Бәкизаттың бейнесін метафора мен салыстыру құралдарымен көркем түрде жеткізеді. Мысалы, оның өмірі табиғатпен салыстыра суреттегенде, өз ағымында қатып қалған өзенге ұқсатып беріледі. Ал оның көбінесе нәзіктік пен сұлулыққа байланысты тұстары метафоралар арқылы сипатталады. Сонымен қатар шығармада қарама-қайшы жақтары да аз болған жоқ. Бақизаттың сыртқы және ішкі күйі арасындағы қарама-қайшылық оның қиын тағдырын көрсететінін сөзге тиек еттік. Сырт қарағанда ол әйел мен аналық міндеттерін орындаса да, іштей сағыныш пен наразылықтан жүрегі қан жұтады. Мысалы, ол сабырлы және мойынсұнғыш болып көрінуі мүмкін, бірақ оның ойлары мен армандары эмоциялары мен бақытқа деген арманын білдіреді. Сондай-ақ автор кейіпкердің ішкі сезімдерін ашу үшін оның қимылдарына, бет-әлпетіне және қимылдарына да назардан тыс қалдырмайды. Оның үнсіздігі күйзеліске ұшыраған жан-

дүниесінің айқын дәлелі болады. Қайғылы жүзі, төменге қараған жанары, көз жасын жасыру сынды әрекеттері оның ішкі ауырсынумен күресу қаншалықты қиын екенін аңғартады. Бәкизатты "нәзік", "көңілсіз", "тәкаппар" деп сипаттаудың өзі оның бейнесін одан сайын аша түседі. Оның өз наразылығы мен сезімдерін ашық білдіре алмауын көрсетеді. Бұл құралдар оқырманға оның жан-дүниесінің әлемін терең және жан-жақты түсінуге көмектеседі. Оның тарихы жеке бастың тағдыры ғана емес, сонымен бірге әйелдің дәстүрлі қоғамдағы жағдайының көрінісіне айналады [7-9].

Әбдіжәміл Нұрпейісовтің "Соңғы парыз" романындағы Бәкизаттың бейнесі қазіргі қоғамда да өзекті болып қала береді. Оның қоғам алдындағы міндеті мен жеке ұмтылысы арасындағы алшақтықта көрінетін қиын тағдыры бүгінде көптеген әйелдердің шынайы өмірімен үндеседі. Бүгінгі таңда теңдік мәселелерінде айтарлықтай ілгері жылжу үрдісінің жүзеге асып жатқанына қарамастан, қоғамның қысымы, ескі дәстүрлік қағидалар әлі де әйелдің жеке таңдау құқығын шектейтініне көз жеткізіп келеміз. Шығармадағы кейіпкер Бәкизат отбасы, қоғам немесе мәдени ережелерге байланысты міндетті орындау үшін өз бақытын құрбан етуге мәжбүр болған әйелдердің өмірін бейнелейді. Бүгінгі әлемде бұл "мінсіз ана" және "ошақтың қамқоршысы" болудың әлеуметтік тұстарынан бастап мансаптық шектеулерге немесе өзінің арман-тілектерін ашық білдіре алмауға дейінгі әртүрлі жағдайда орын алып жатқаны сөзсіз.

Осылайша, Бәкизаттың тарихы жеке таңдауды құрметтеудің маңыздылығы мен мүмкіндіктердің теңдігін суреттейді. Әлеуметтік қағидалар мен ескі ұстанымдар адамдардың бақытты болу құқығынан қалай айыруға себеп болатынын ойлануға шақырады. Сондай-ақ жеке ұмтылыстар мен қоғамдық міндеттемелер арасындағы бостандық пен үйлесімділік үшін күресті жалғастыруға ынталандырады. Себебі Бәкизаттың оқиғасы қазіргі таңда да орын алып, өз салдарын беріп жатқанын да естен шығармауымыз керек. Бастан кешірген оның тағдыры бізге әйелдің жан-айқайын, махаббат пен бостандыққа деген құқығын өзгелердің алдында паш етуге мүмкіндігінің барын білуге септігін тигізеді. Жазушы уақыт пен кеңістік шеңберінен асып түсетін бейнені жасап, оқырмандарды қоғамдағы әйел рөлін өзгелермен тең дәрежеде қабылдаудың жаңа қырын танытты.

Қорытындылап айтқанда, Бәкизат романның жай кейіпкері ғана емес, ол – отбасы алдындағы міндет пен сүйіктісіне деген махаббатта қауқарсыз болған және еркіндікті іздеген әйел тағдырының белгісі. Оның бастан кешкен оқиғасы ең қиын жағдайлардың өзінде де әйел өзінің жаны мен арманын, адамдық қадір-қасиетін сақтай алатындығын көз алдымызға елестетеді. Сондай-ақ дәстүр мен арман-мақсатының арасындағы тепе-теңдікті сақтау мен қайшылықтарға толы әлемде өзіңізді жоғалтпаудың құндылығын ескертеді. Әйелдің қоғамдағы рөлі, ішкі жан-дүниесінің қалауы мен сыртқы әлемде өз орнын түсіну керектігін ойлауға шабыттандырады.

Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романындағы Бәкизаттың тағдыры – әйелдердің рухани еркіндігі мен өмірдегі орны туралы терең философиялық ойдың көрінісі. Бәкизаттың ішкі жан дүниесі, оның армандары мен қоғам шеңберіндегі күресі тек бір адамның тарихы емес, ол патриархалды қоғамдағы әйелдердің алға деген құлшынысының айнасы. Оның үнсіз шері, жан қалауына ерік беруге деген жасырын талпынысы қазіргі қоғамдағы әйелдердің көптеген мәселелерімен пара-пар. Бұл образ бізге әйелдің теңдікке, еркіндікке және өзіндік «менін» табуға деген құқығын тереңірек түсінуге бір себеп. Бәкизаттың тағдыры бізге үлкен сабақ болды: әйелдердің шынайы бақыты мен еркіндігі — бұл қоғамның рухани деңгейінің көрсеткіші. Егер қоғам әйелдердің таңдау еркіндігін шектесе, ол тек әйелдерді ғана емес, сол қоғамның өз болашағын шектейді. Бәкизат сияқты тағдырлар бізге теңдік пен әділеттілікке деген талпынысты жалғастырудың маңызды ерекшелігін көрсетті [10-11].

«Соңғы парыз» романы — әйел тағдыры мәселесін тереңірек зерттеуге жол ашатын әдебиеттегі өзіндік орны зор еңбек. Бәкизаттың бейнесі арқылы автор әйелдерге қатысты теңдік пен әділеттілік идеяларының өзектілігін көрсетіп қана қоймай, оқырманды осы мәселелер туралы ойлануға ынталандырады. Оқырманға: біз тең құқылы қоғамда әйелдердің



өз өмір сүруі үшін қандай міндеттерді орындауымыз керек,-деп сұрақ қояр болсақ, оның жауабы – бүгінгі және келер ұрпақтың қолында.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұрпейісов Ә. Соңғы парыз. – Алматы: Жазушы баспасы, 1999 жыл.
2. Ж.Тоғыс Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романы жайында// Қазақ және әлем әдебиеті. – № 5-6 (30).
3. [<https://qamshy.kz/article/3868-abdidgamil-nurpeyisov-sonhghy-paryz-roman-birinshi-kitap>]
Қазақстанда көлік логистикасын дамыту перспективалары

Транзиттік дәліздерді дамыту

Қазақстан халықаралық аренада елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін Жібек жолы мен Транссібір дәлізі сияқты транзиттік дәліздерді белсенді дамытуда. Ел Еуропа, Қытай және Орталық Азияның басқа да елдері арасында тауарларды тасымалдау үшін жаңа мүмкіндіктер жасай отырып, транзиттік жүктердің көлемін ұлғайтуды жоспарлап отыр.

Логистикалық процестерді цифрландыру және автоматтандыру

Логистиканы дамыту жолындағы маңызды қадам жүктерді бақылауға арналған блокчейн сияқты цифрлық технологияларды, сондай-ақ көлік ағындарын оңтайландыру және шығындарды азайту үшін жасанды интеллект пен үлкен деректерге негізделген басқару жүйелерін енгізу болады.

Инфрақұрылымға инвестициялар

Таяу жылдары Қазақстан жаңа жолдар салуды, теміржол станцияларын жаңғыртуды және порт инфрақұрылымын жақсартуды қоса алғанда, өзінің көлік инфрақұрылымын дамытуға инвестициялауды жалғастырады деп күтілуде, бұл көлік қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттырады.

Мультимодальды тасымалдауды дамыту

Жөнелтушіден алушыға тауарды жеткізу үшін көліктің бірнеше түрі пайдаланылатын мультимодальды тасымалдаулар шығындарды азайтуға және жеткізу тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Қазақстан әртүрлі көлік түрлерінің өзара іс-қимылын жеңілдету үшін мультимодальды логистикалық орталықтар мен терминалдарды белсенді дамытуда.

Қазақстандағы көлік логистикасы елдің стратегиялық жағдайын ескере отырып, даму үшін зор әлеуетке ие, сондай-ақ жаңа технологияларды белсенді енгізу және инфрақұрылымды жаңғырту. Қазіргі проблемаларды жою және перспективалы жобаларды іске асыру Қазақстанға жаһандық Көлік желісінің маңызды буыны болуға және ішкі және халықаралық сауданың тиімділігін едәуір арттыруға мүмкіндік береді [5].

Көлік логистикасы жеткізу тізбегінің маңызды бөлігі болып табылады, бұл бизнестің тиімділігіне және оның тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілетіне әсер етеді. Технологияның дамуы, жаһандық экономикалық жағдайдың өзгеруі және тұрақтылық талаптары көлік логистикасының болашағына әсер етіп, оны жаңашыл және заманауи сын-қатерлерге бейімдейді. Маңыздысы, бұл саладағы жетістік сауатты жоспарлауды, заманауи технологияларды қолдануды және егжей-тегжейге назар аударуды қажет етеді, нәтижесінде шығындар азаяды және тұтынушыларға қызмет көрсету сапасы жақсарады.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шумский, В. И., Захаров, Ю. Транспортная логистика и управление транспортными системами. М.: «Высшая школа», 2018.
2. Байтиленова Е. С. Логистика [Мәтін]: Оқулық.- Алматы: Эверо, 2017. - 196
3. Транспортная логистика и интермодальные перевозки [Электронный ресурс] г.Малиндретос [и.др]
4. Савельев, С. В. Транспортная логистика: Теория и практика. М.: «КНОРУС», 2016.
5. Григорьев, В. С., Козлов, Ю. М. Транспортная логистика: Учебник. М.: «ИНФРА-М», 2018.
6. Кипаренко, И. И., Орлов, Н. В. Логистика. Теория и практика. СПб.: Питер, 2019.

**ТРАНСПОРТНАЯ ЛОГИСТИКА: СПОСОБЫ ЭФФЕКТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ ЦЕПОЧКОЙ ПОСТАВОК****Аннотация**

Транспортная логистика играет важную роль в обеспечении эффективности современных цепочек поставок. Эта отрасль включает организацию, планирование и управление транспортировкой товаров от производителя к потребителю. Основными задачами транспортной логистики являются оптимизация маршрутов, контроль безопасности груза и эффективное использование различных видов транспорта. В статье рассматриваются виды и задачи транспортной логистики, а также основные тенденции ее развития и современные вызовы. Кроме того, будет проанализировано развитие транспортной инфраструктуры в Казахстане, экологические проблемы и перспективы развития мультимодальных перевозок.

**Ключевые слова:** транспортная логистика, железнодорожный транспорт, автомобильный транспорт, морской транспорт, воздушный транспорт, трубопроводный транспорт, грузоперевозки, маршрут

**TRANSPORT LOGISTICS: WAYS TO EFFECTIVELY MANAGE THE SUPPLY CHAIN****Annotation**

Transport logistics plays an important role in ensuring the efficiency of modern supply chains. This industry includes the organization, planning, and management of the transportation of goods from producer to consumer. The main objectives of transport logistics are route optimization, cargo safety control and efficient use of various modes of transport. The article discusses the types and tasks of transport logistics, as well as the main trends in its development and current challenges. In addition, the development of transport infrastructure in Kazakhstan, environmental problems and prospects for the development of multimodal transportation will be analyzed.

**Keywords:** transport logistics, rail transport, road transport, sea transport, air transport, pipeline transport, cargo transportation, route



МРНТИ 10.27.55

**Н. Абенова<sup>1</sup>, Н. Темирбай<sup>3</sup>, Б. А. Телибеков<sup>3</sup>**<sup>123</sup>*Баишев университет, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы*

e-mail.ru: tba62@mail.ru

**ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ****Аннотация**

Жастар арасындағы қылмыстың алдын алу — қоғамдағы ең өзекті мәселелердің бірі. Бұл мәселе әлеуметтік және экономикалық факторлармен байланысты, сонымен қатар жастардың психологиялық жағдайы мен ақпараттық технологиялар әсерінен туындайды. Құқықбұзушылықтардың алдын алу үшін кешенді шаралар қажет, олар әлеуметтік көмек көрсету, құқықтық сауаттылықты арттыру және қоғамда жасөспірімдермен жұмыс істейтін мамандарды көбейту арқылы жүзеге асырылады. Бұл мәселелерді шешу үшін мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар бірлесе отырып, жастардың болашағын қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстар атқаруы тиіс.

**Негізгі сөздер:** қылмыс, жастар, құқықбұзушылық, алдын алу, әлеуметтік факторлар, заң, қоғамдық қауіпсіздік.

Жастар арасындағы қылмыстың алдын алу – қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі. Бұл мәселе тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде жастардың болашағына қауіп төндіретін фактор ретінде қарастырылуда. Жастардың құқықбұзушылықтары мен қылмыстық әрекеттері қоғамда қауіпсіздік деңгейін төмендетеді, экономикалық және әлеуметтік тұрақсыздықты тудырады.

Сондықтан, жастар арасындағы қылмысты алдын алудың маңызы зор. Қазіргі қоғамда жастардың қылмысқа баруының себептері көп. Біріншіден, әлеуметтік-экономикалық факторларды атап өту керек. Кедейлік, жұмыссыздық, отбасылық тұрмыстың қиындықтары – бұл жастарды қылмысқа итермелейтін негізгі себептердің қатарында [1]. Статистикалық мәліметтер бойынша, экономикалық қиындықтар кезеңінде жастар арасында қылмыс жасау жағдайларының саны көбейетіні анықталған. Мысалы, 2022 жылы Қазақстанда жастар арасында кісі өлтіру, тонау, зорлау сияқты ауыр қылмыстардың саны өткен жылмен салыстырғанда 15%-ға артты. Бұл фактілер жастардың қиындықтарды жеңу жолында заңсыз әрекеттерге баруына әсер етеді. Екінші жағынан, жастар арасында қылмыс жасаудың себептеріне әлеуметтік орта, яғни достар, отбасы, мектеп секілді факторлар да кіреді. Жастар көбінесе айналасындағы адамдардың әсеріне ұшырайды. Егер достар арасында заң бұзушылықтар жиі кездессе, жастардың да осындай әрекеттерге бейімділігі артады. Мектепте агрессия, буллинг, психологиялық қысым сынды мәселелер де жастардың психологиялық жағдайына теріс әсер етіп, оларды қылмысқа итермелеуі мүмкін [1, 2].

Сондай-ақ, қазіргі заманғы жастардың қылмыстық әрекеттері ақпараттық технологиялармен, әсіресе әлеуметтік желілермен тығыз байланысты. Әлеуметтік желілер жастардың арасында пікір алмасуға, ақпарат алуға мүмкіндік беріп, кейде теріс үлгі болып табылады. Мысалы, әлеуметтік желілерде таралатын зорлық-зомбылық, агрессия, нашакорлық туралы материалдар жастарды теріс жолға түсуге итермелеуі мүмкін. 2023 жылы елімізде әлеуметтік желілер арқылы жасалған қылмыстардың саны 20%-ға артқаны байқалды. Мұндай жағдайлар жастардың виртуалды әлемдегі теріс әрекеттерін шынайы өмірде қайталауға әкеп соғуы мүмкін. Жастар арасында ең танымал қылмыстарға тонау, кісі өлтіру,

есірткі бизнесі, сексуалдық зорлық-зомбылық және киберқұқықбұзушылықтар жатады. Тонау мен кісі өлтіру көбінесе экономикалық жағдаймен байланысты, ал киберқұқықбұзушылықтар жастардың интернетте ақпаратпен дұрыс жұмыс істей алмауынан туындайды. Мысалы, 2023 жылы елімізде киберқұқықбұзушылықтардың саны 30%-ға артты. Бұл жастардың интернетте сақтық шараларын білмеуі мен кибербуллингтің кең таралуына байланысты [4].

Далада, үйде және мектепте болып жатқан қылмыстарды зерттегенде, жастардың қауіпсіздігіне қатысты бірқатар мәселелерді анықтауға болады. Мектептерде буллинг, агрессия, психологиялық қысым сынды әрекеттер жастардың дамуына теріс әсер етеді. Жасөспірімдер арасында алкогольизм мен нашақорлық та белең алуда, бұл да жастардың заң бұзушылықтарға бейімділігін арттырады. Ата-аналардың бейтараптығы, отбасындағы қаржылық қиындықтар, тәрбиенің жетіспеушілігі – жастардың қылмысқа бару себептері болып табылады. Осы мәселелердің алдын алу үшін кешенді шараларды қабылдау қажет. Ең алдымен, жастарға әлеуметтік көмек көрсету, жұмысқа орналастыру, кәсіби бағдар беру – бұл жастарды оң жолға бағыттаудың маңызды жолдары. Мектептерде құқықбұзушылықтың алдын алу шараларын енгізу, психологиялық көмек көрсету, жастармен жұмыс істейтін мамандардың санын арттыру – бұлардың барлығы жастардың құқықтық санасын қалыптастыруға және олардың қылмыс жасауына жол бермеуге көмектеседі.

Сонымен қатар, жастар ұйымдары мен қоғамдық бірлестіктердің рөлін арттыру маңызды. Олар жастармен жұмыс істеп, құқықтық сауаттылықты арттыру, жастар арасында волонтерлік қызметті насихаттау, мәдени-спорттық шараларды ұйымдастыру арқылы жастардың әлеуметтенуіне ықпал ете алады [4, 5].

Мемлекеттік органдардың жастар арасындағы қылмысқа қарсы саясатын күшейту, құқық қорғау органдарының жұмысын тиімді ұйымдастыру, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – бұл да жастардың қылмысқа баруын алдын алудың маңызды құрамдас бөліктері. Сондай-ақ, әлеуметтік желілерде қылмыстық әрекеттерді насихаттауға тосқауыл қою, жастарға арналған ақпараттық жобаларды жүзеге асыру, олардың құқықтарын қорғау – бұл да жастар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алудың тиімді жолдары. Демек, жастар арасындағы қылмыстың алдын алу – бұл қазіргі қоғамның аса маңызды міндеттерінің бірі. Тек кешенді түрде жұмыс істей отырып, біз жастарды теріс әрекеттерден аулақ етіп, олардың болашағын жарқын етуге мүмкіндік аламыз. Жастар – біздің еліміздің болашағы, сондықтан оларға сапалы білім, тәрбие және қолдау көрсету – баршамыздың міндетіміз. Жастар арасындағы қылмыстың алдын алу мәселесі әртүрлі тараптардан, соның ішінде мемлекеттік, қоғамдық, отбасылық және білім беру жүйелерінен кешенді тәсілмен қарастырылуы керек. Бұл бағытта заңнамалық шараларды күшейту, жастарды тәрбиелеу мен білім беру процесін жаңарту, сондай-ақ қоғамда құқықтық мәдениетті арттыру маңызды.

Қазақстанда жастар арасындағы қылмысты алдын алу үшін мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар жүзеге асырылуда. Мысалы, «Жастар – Отанға!» бағдарламасы жастарды әлеуметтік және кәсіптік тұрғыда дамыту, оларды құқықтық сауаттылыққа үйрету, салауатты өмір салтын насихаттау бағытында жұмыс істейді. Бұл бағдарламалар жастардың құқықтары мен міндеттерін түсінуге, оларды заңды бұзудан аулақ болуға шақыруға бағытталған. Алайда, бұл жобаларды іске асыру кезінде тәжірибе мен тиімділікті арттыру қажет. Жастарға арналған тренингтер, семинарлар және ақпараттық кездесулер ұйымдастыру да маңызды рөл атқарады. Осы іс-шаралар арқылы жастар құқықтық ақпарат алып, қылмыстық жауапкершілік туралы білімдерін арттыра алады. Сонымен қатар, ата-аналармен, мұғалімдермен және жастармен жұмыс істейтін мамандармен бірлескен шараларды ұйымдастыру керек. Мектептерде құқық қорғаушылар мен психологтарды тарта отырып, профилактикалық іс-шараларды жүргізу тиімді болып табылады. Мұндай жұмыс мектепте жасөспірімдердің өздерін қауіпсіз сезінуіне және буллинг, агрессия сияқты мәселелерді шешуге көмектеседі. Қазіргі заманғы жастардың өмір сүру салты мен көзқарастары тез өзгеріп жатыр. Жастардың әлеуметтік желілерді белсенді пайдалануын ескерсек, бұл платформаларды құқықбұзушылықтарды алдын алуда да пайдалануға болады. Әлеуметтік желілерде құқықтық ақпарат, құқықтық көмек көрсету

жобалары мен онлайн-курстар ұйымдастыру арқылы жастарды құқықтық сауаттылығын арттыруға болады. [3]

Сонымен қатар, әлеуметтік желілерде жастардың белсенділігі мен қызығушылығын арттыратын шығармашылық жобаларды ұйымдастыру арқылы позитивті контентті көбейту қажет. Жастар арасындағы қылмысты алдын алу үшін отбасылық тәрбие мен әлеуметтік орта да үлкен рөл атқарады. Отбасы – баланың алғашқы тәрбие алаңы, сондықтан ата-аналардың балаларымен ашық қарым-қатынас орнатуы, олардың проблемаларын тыңдап, қолдау көрсетуі маңызды. Отбасы мүшелерінің бір-біріне деген құрметі мен сенімі – жасөспірімдердің салауатты қалыптасуына ықпал етеді. Ата-аналар балаларын өздерінің құндылықтарын, жауапкершілігін, әлеуметтік нормаларды түсінуге тәрбиелеуі керек.

Сонымен қатар, жастардың қоғамда белсенділігін арттыру үшін әртүрлі волонтерлік жобалар мен әлеуметтік акцияларды ұйымдастыру қажет. Жастардың қоғамдағы рөлін, жауапкершілігін түсіндіре отырып, олардың құқықтық сана-сезімін дамытуға мүмкіндік береміз. Бұл бағытта жастардың білімін, мәдениетін және әлеуетін көтеру мақсатында қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік мекемелердің арасындағы серіктестікті нығайту қажет [1,3].

Біздің қоғамда жастардың құқықбұзушылыққа баруына себепші болатын бірқатар проблемалар мен жағдайлар бар, сондықтан бұл мәселелерді шешу үшін ұжымдық күш-жігер, ғылыми зерттеулер, сонымен қатар мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін арттыру қажет. Жастардың қоғамдағы орны мен рөлін арттыру, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, құқықтық сауаттылықты жоғарылату – бұл жастар арасындағы қылмысқа қарсы күресте маңызды факторлар. Жастардың қылмысқа баруына қарсы тұру тек құқық қорғаушы органдардың міндеті емес, бұл бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Сондықтан, жастар арасында құқықбұзушылықтардың алдын алуда мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам, ата-аналар мен білім беру мекемелері бірлесіп жұмыс істеуі қажет. Біздің қоғамымыздың болашағы жастардың қолында, сондықтан оларға қолдау көрсету, олардың дамуына ықпал ету – бұл біздің міндетіміз. Егер жастар арасында қылмыстың алдын алу мәселелерін бірігіп шешпесек, олардың құқықбұзушылықтарға бару деңгейі жоғарылап, қоғамдағы құқықтық тәртіп бұзылып, әлеуметтік тұрақсыздыққа әкеп соғуы мүмкін.

Сондықтан, жастарды қоғамның толыққанды мүшесі ретінде тәрбиелеу, олардың құқығын қорғау, құқықтық мәдениетін арттыру – баршамыздың міндетіміз. Тек бірге әрекет ете отырып, біз жастарды қылмыстық әрекеттерден қорғап, оларды оң жолға бағыттай аламыз.

Біздің ойымыз: бұл өте өзекті мәселе, себебі жастар – қоғамның болашағы. Олардың дұрыс жолды таңдауына көмек көрсету – тек мемлекет пен білім беру мекемелерінің ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті. Әсіресе, жастардың құқықтық сауаттылығын арттырып, әлеуметтік қолдау көрсету маңызды. Жастарды тәрбиелеуде отбасының рөлі ерекше. Ата-аналардың балаларына қолдау көрсетуі, олардың мәселелерін түсініп, шешу жолдарын бірге іздеуі – құқықбұзушылықтың алдын алудың маңызды факторы деп санаймын. Қоғам болып бірігіп, жастарды қолдап, олардың болашағын жарқын етуге үлес қосуымыз керек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы 2023ж. Жастар арасындағы құқықбұзушылықтардың статистикалық көрсеткіштері.
2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі 2023ж. Жастар арасында қылмыстың алдын алу бойынша ақпараттық материалдар.
3. Омарова Д. 2021ж. Жастардың қылмыстық жауапкершілігі: Заңнамалық аспектілері. Құқық қорғау және қылмыстық саясат журналы 4 (2) 45-52.
4. Әліпбек Н. 2022ж. Жастардың әлеуметтік желілердегі қылмыстық әрекеттері: Сызбалар мен талдаулар. Қазақстандық жастар және құқық қорғау жүйесі 3(1), 14-20.
5. Жақсылық С. 2020ж. Қоғамдағы жастардың құқықтық мәдениеті және оны қалыптастыру жолдары. Әлеуметтік зерттеулер журналы 2(5), 25-30.

## ПРОФИЛАКТИКА ПРЕСТУПНОСТИ СРЕДИ МОЛОДЕЖИ

## Аннотация

Предотвращение преступности среди молодежи — одна из самых актуальных проблем современного общества. Этот вопрос связан с социальными и экономическими факторами, а также с психологическим состоянием молодежи и влиянием информационных технологий. Для предотвращения правонарушений необходимо принять комплексные меры, включая социальную помощь, повышение правовой грамотности и увеличение числа специалистов, работающих с подростками. Для решения этих проблем государственные органы и общественные организации должны работать совместно, обеспечивая светлое будущее для молодежи.

**Ключевые слова:** преступность, молодежь, правонарушение, профилактика, социальные факторы, право, общественная безопасность.

## PREVENTION OF YOUTH CRIME

## Annotation

Preventing youth crime is one of the most pressing issues in today's society. This issue is related to social and economic factors, as well as the psychological state of young people and the influence of information technologies. Comprehensive measures are required to prevent delinquency, including providing social support, enhancing legal literacy, and increasing the number of professionals working with adolescents. To address these problems, government agencies and public organizations must work together to ensure a promising future for the youth.

**Keywords:** crime, youth, offense, prevention, social factors, law, public safety.

МРНТИ 10.27.55

А. А. Аманғали<sup>1</sup>, И.М.Телибекова<sup>2</sup>

<sup>12</sup>Баишев университеті, Ақтөбе қаласы, Қазақстан Республикасы

[ayaulymamangali@gmail.com](mailto:ayaulymamangali@gmail.com)

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫ БОЙЫНША ОТБАСЫЛЫҚ МҮЛІК: ТҮСІНІГІ, ТҮРЛЕРІ, ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

## Аңдатпа

Қазақстан Республикасындағы отбасылық мүлік мәселесі құқықтық тұрғыдан реттелетін маңызды сала болып табылады. Бұл тақырыпта ерлі-зайыптылардың некеде тұрған кездегі ортақ мүліктері мен жеке меншігі арасындағы құқықтық қатынастар қарастырылады. "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Кодексі және Азаматтық кодекс отбасылық мүлікті пайдалану, бөлу және жеке меншікке қатысты негізгі құқықтық нормаларды белгілейді. Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлігін бөлу, ажырасу кезінде құқықтардың қорғалуы, сондай-ақ балалардың мүдделерін ескере отырып, мүлікті бөлу мәселелері қаралады. Сонымен қатар, отбасылық мүлікке қатысты туындайтын қиындықтар, оның ішінде мүлікті дәлелдеу, неке шартының кеңінен қолданылмауы және ажырасу процесінің ұзаққа созылуы сияқты мәселелер талқыланған. Құқықтық мәдениетті арттыру, медиация институтын дамыту және сот процестерін оңтайландыру ұсынылады.

**Негізгі сөздер:** отбасылық мүлік, ортақ меншік, жеке меншік, неке шарты, ажырасу, құқықтық реттеу, Қазақстан Республикасының заңнамасы, "Неке және отбасы туралы" Кодекс, құқықтық мәдениет, медиация.

Қазақстан Республикасындағы отбасылық құқықтың маңызды элементтерінің бірі – отбасылық мүлік. Бұл ұғым ерлі-зайыптылардың некеде тұрған кезде жинаған ортақ мүліктерін, сондай-ақ жеке меншігін қамтиды. Отбасылық мүлік – ерлі-зайыптылардың

некеде тұрғанда жинақтаған мүліктері мен олардың құқықтық режимін реттейтін құқықтық категория. Бұл тақырып қоғамда маңызды орын алады, себебі отбасылық қатынастар адам өмірінің ажырамас бөлігі және экономикалық тұрақтылықтың негізі болып табылады. Қазақстан Республикасының "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Кодексі осы қатынастарды құқықтық тұрғыдан реттеуге бағытталған. Осы аталған "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Кодекс – отбасылық мүлікті реттейтін негізгі құқықтық акты болып табылады. Кодекстің 33-бабына сәйкес, отбасылық мүлік деп ерлі-зайыптылардың ортақ меншігі ретінде саналатын барлық мүлік танылады. Бұл жерде ортақ меншікке жылжымалы және жылжымайтын заттар, кірістер, ақшалай қаражаттар, сондай-ақ кәсіпкерлік қызмет нәтижесінде алынған табыстар кіреді. Бүгінгі күні отбасылық мүлік мәселелері, оның ішінде ортақ мүлікті бөлу, жеке меншікке қатысты құқықтар, және заңдық режимдер қоғамда үлкен талқыға түсуде [1].

Отбасылық мүліктің құқықтық негіздері Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен және «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексімен реттеледі. Азаматтық кодекстің ортақ меншікке қатысты жалпы ережелері отбасылық құқықтың осы саласын құқықтық тұрғыдан реттеуде қолданылатын басты құқықтық нормалар болып табылады. Сонымен бірге, Кодексте ортақ мүлікті пайдалану, басқару және бөлу тәртібі егжей-тегжейлі көрсетілген.

Отбасылық мүлік заңнамалық тұрғыдан қорғалады, алайда құқықтық реттеудің жеткілікті болуына қарамастан, тәжірибеде осы институтқа қатысты қиындықтар жиі кездеседі. Бұл проблемалардың бір бөлігі ерлі-зайыптылардың құқықтық мәдениетінің жеткіліксіздігімен және неке шартын жасаудың аз қолданылуымен байланысты.

Отбасылық мүлікті екі негізгі санатқа бөліп қарастыруға болады: ерлі-зайыптылардың бірлескен ортақ меншігі және ерлі-зайыптылардың әрқайсының меншігі. Ерлі-зайыптылар некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) кезінде жинаған мүлік олардың бірлескен ортақ меншігі болып табылады. Кодекстің 33-бабында көрсетілгендей, ортақ меншікке ерлі-зайыптылардың еңбек қызметінен, кәсіпкерлік қызметтен және интеллектуалдық қызмет нәтижелерінен тапқан табыстары, сондай-ақ олардың ортақ мүлкінен және жеке мүлкінен түскен кірістер, зейнетақылар, жәрдемақылар және басқа да ақшалай төлемдер жатады. Бұдан басқа, ортақ меншікке ерлі-зайыптылардың ортақ кірістерінің есебінен сатып алынған жылжымалы және жылжымайтын мүліктер, бағалы қағаздар, жарналар, салымдар, несие мекемелеріне немесе коммерциялық ұйымдарға салынған капиталдағы үлестер, сондай-ақ басқа кез келген мүліктер кіреді. Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіне қатысты құқықтарды иелену, пайдалану және оған билік ету ерлі-зайыптылардың өзара келісімі бойынша жүзеге асырылады. Кодекстің 35-бабында жазылғандай, ерлі-зайыптылардың әрқайсысының меншігіне қатысты заңда бірнеше маңызды ережелер қарастырылған. Біріншіден, некеге дейін әрқайсысына тиесілі болған мүлік ерлі-зайыптылардың жеке меншігі болып саналады. Бұл мүлік некеге тіркелмей тұрған кезеңде жинақталған немесе алынған барлық заттарды қамтиды. Екіншіден, некеде тұрған кезеңде мұрагерлік тәртібімен немесе басқа да өтеусіз мәмілелер арқылы сыйға алынған мүлік те жеке меншіктің құрамына кіреді. Бұл жағдайда ерлі-зайыптылардың бірі екіншісіне сыйға тартқан немесе мұраға алған мүлік сол адамның жеке меншігі болып қала береді. Үшіншіден, ерлі-зайыптылар ортақ қаражат есебінен сатып алған жеке пайдаланатын заттар (мысалы, киім-кешек, аяқкиім және басқа да заттар) да олардың жеке меншігі болып табылады. Бұл мүліктер қымбат заттар мен сән-салтанат бұйымдарына жатпайды, себебі олар жеке мақсатта қолданылатын, күнделікті өмірде қажетті заттар болып табылады. Ал, егер ерлі-зайыптылар іс жүзінде бөлек тұрса, яғни неке (ерлі-зайыптылық) тоқтатылған жағдайда, әрқайсысының осы кезеңде жинаған мүлігі жеке меншігі ретінде танылатын болады. Осылайша, заң ерлі-зайыптылардың жеке меншігін қорғауға бағытталған және олардың некеде тұрған кезеңде жинаған мүліктерінің жеке меншіктігіне айқындық береді [2].

Ажырасу – ерлі-зайыптылардың өміріндегі күрделі кезеңдердің бірі. Бұл үдерісте ортақ мүлікті бөлу негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу нақты ережелерге сай жүзеге

асырылады. Ажырасу кезінде ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу заңмен реттелетін маңызды мәселе болып табылады. Мұндай жағдайларда мүлікті қалай бөлісу қажеттігі ерлі-зайыптылардың келісімі арқылы немесе сот тәртібімен шешіледі. Егер тараптар келісімге келе алмаса, мүлікті бөлу мәселесін медиация арқылы шешуге немесе сотқа жүгінуге болады.

Мүлікті бөлу кезінде сот отбасындағы кәмелетке толмаған балалардың мүдделерін ескереді. Балалардың қажеттіліктеріне арналған заттар, мысалы, киім, аяқкиім, оқу құралдары, спорттық жабдықтар мен музыкалық аспаптар бөлуге жатпайды. Бұл заттар балаларының жанында тұратын жұбайға өтемақысыз беріледі. Сонымен қатар, ерлі-зайыптылардың кәмелетке толмаған балаларының атына ортақ мүліктен жасалған жинақтар балалардың жеке меншігі ретінде есептеледі және бөлуге қосылмайды. Мүлікті бөлу кезінде әр жұбайдың мүліктегі үлесі тең деп танылады. Бірақ кейбір жағдайларда бұл теңдік принципінен ауытқулар болуы мүмкін. Егер ерлі-зайыптылардың бірі мүлікті отбасының мүдделеріне нұқсан келтіре отырып жұмсаса немесе дәлелсіз себептермен табыс таппаса, сот олардың үлестерін қайта қарастыруы мүмкін. Сонымен бірге, егер бір жұбайдың мүлкінен алынған құндылық екінші жұбайдың үлесінен асып кетсе, оған ақшалай немесе өзге өтемақы беріледі. Ортақ мүлікке қатысты тағы бір маңызды мәселе – ортақ борыштардың бөлінуі. Ерлі-зайыптылардың ортақ қарыздары да олардың үлестеріне сәйкес бөлінеді. Некеде тұрған немесе ажырасқаннан кейін жинақталған, бірақ бөлуге жатпаған ортақ мүлік ерлі-зайыптылардың ортақ меншігі ретінде қалады. Егер тараптар некені бұзғаннан кейін мүлікке қатысты талаптарын ұсынғысы келсе, олар үш жылдық талап қою мерзімін сақтауы қажет. Мүлікті бөлу кезінде заң балалардың, сондай-ақ ерлі-зайыптылардың құқықтарын сақтауды басты орынға қояды. Сондықтан мұндай жағдайда құқықтық көмекке жүгіну және заңмен белгіленген рәсімдерді сақтау аса маңызды [3].

Сонымен қатар, отбасылық мүлікке қатысты өзекті мәселелерде аз емес. Отбасылық мүлікті қатысты негізгі проблемалар құқықтарды дәлелдеу қиындықтары, неке шартының жеткіліксіз қолданылуы және ажырасу процесінің ұзаққа созылуымен байланысты. Біріншіден, мүлікті бөлу кезінде оны дәлелдеу мәселелері жиі кездеседі. Бұл жағдайларда тараптардың қажетті құжаттарды ұсынуының қиындығы негізгі себеп болып табылады. Әсіресе, бірлесіп алынған мүліктің нақты қай тараптың қаражатына сатып алынғанын анықтау қиынға соғуы мүмкін. Бұл мәселені шешу үшін мүлікті тіркеу кезінде құқықтарды анықтайтын нақты ережелер енгізу қажет. Екіншіден, неке шартының кеңінен қолданылмауы үлкен мәселе болып табылады. Неке шарты отбасылық мүлікті бөлу тәртібін алдын ала анықтауға мүмкіндік береді, бірақ Қазақстанда ол сирек жасалады. Бұл жағдай құқықтық мәдениеттің төмендігімен және азаматтардың заңнамалық нормаларды жеткілікті түрде білмеуімен байланысты. Неке шартының рөлін арттыру үшін азаматтардың құқықтық сауаттылығын жоғарылатуға бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту қажет [4].

Үшіншіден, ажырасу кезінде мүлікті бөлу процесінің ұзаққа созылуы отбасылық құқық саласындағы маңызды мәселе болып отыр. Сот процестерінің ұзақтығы көбінесе қажетті құжаттарды жинауға, сараптамалар жүргізуге және сот талқылауларының санына байланысты болады. Бұл проблеманы шешу үшін медиация институтын кеңінен қолдану, электронды сот жүйесін жетілдіру және сот процестерін оңтайландыру қажет [5].

Қорытындылай келе, отбасылық мүлікке қатысты мәселелер Қазақстан қоғамындағы құқықтық және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды бөлігі болып табылады. Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін басқару, пайдалану және бөлу тәртібі жан-жақты заңнамалық негізде реттелгенімен, тәжірибеде құқықтық мәдениет пен неке шартының жеткіліксіз қолданылуы, мүлікті дәлелдеу және бөлу процестеріндегі қиындықтар сияқты бірқатар өзекті мәселелер сақталуда. Бұл саланы одан әрі жетілдіру үшін азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру, медиация институтын кеңінен енгізу және құқықтық процестерді оңтайландыру қажет. Сонымен қатар, неке шартын кеңінен қолдану арқылы отбасылық дауларды алдын ала шешуге болады. Азаматтық құқықтық мәдениетті дамыту және отбасылық құндылықтарды сақтау еліміздегі отбасы институтын нығайтып, болашақ ұрпақ үшін тұрақты құқықтық негіз қалыптастырады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы және Ерекше бөлімдері).
3. Айтжан Б.Е., Шіркінбаев Т.Б.Отбасы құқығы: Оқу құралы (көмекші оқу құралы) — Алматы: Жеті жарғы. 2006. - 112 бет.
4. Қазақстан Республикасы Электрондық үкімет порталы. Некедегі ерлі-зайыптылар мүлкі немесе ажырасу кезіндегі құқықтар. [Электронды ресурс]. URL: [https://egov.kz/cms/kk/articles/2Fproperty\\_at\\_divorce](https://egov.kz/cms/kk/articles/2Fproperty_at_divorce) (Қаралған күні: 22.11.2024).
5. Ш. Баймолдин, Г. Түсіпова. "ҚР азаматтық құқық теориясы": Алматы: "Қазақ университеті". 2010. – 156 бет.

## **СЕМЕЙНАЯ СОБСТВЕННОСТЬ ПО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВУ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: ПОНЯТИЕ, ВИДЫ, ОСНОВНЫЕ ВОПРОСЫ**

### **Аннотация**

В Республике Казахстан вопросы семейной собственности являются важной областью, регулируемой с правовой точки зрения. В данной теме рассматриваются правовые отношения между общим имуществом супругов и их личной собственностью в период брака. Кодекс о браке (супружестве) и семье, а также Гражданский кодекс устанавливают основные правовые нормы, касающиеся использования, раздела семейного имущества и личной собственности. Рассматриваются вопросы раздела общего имущества супругов, защита прав при разводе, а также распределение имущества с учетом интересов детей. Кроме того, обсуждаются возникающие трудности, связанные с семейным имуществом, включая доказательство права собственности, недостаточное применение брачных договоров и затягивание процесса развода. Предлагается повышение правовой культуры, развитие института медиации и оптимизация судебных процессов.

**Ключевые слова:** семейная собственность, общая собственность, личная собственность, брачный договор, развод, правовое регулирование, законодательство Республики Казахстан, Кодекс о браке и семье, правовая культура, медиация.

## **FAMILY PROPERTY UNDER THE LEGISLATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: CONCEPT, TYPES, MAIN ISSUES**

### **Abstract**

In the Republic of Kazakhstan, family property issues represent an important area regulated from a legal perspective. This topic examines the legal relationships between the shared property of spouses and their personal property during marriage. The Family Code and the Civil Code establish the main legal norms regarding the use, division, and ownership of family property. The issues of dividing shared property, protecting rights during divorce, and dividing property with consideration for the interests of children are discussed. Additionally, challenges related to family property, including proving ownership, the limited use of prenuptial agreements, and the prolonged divorce process, are addressed. It is proposed to improve legal culture, develop the mediation system, and optimize court procedures.

**Keywords:** family property, joint ownership, personal property, prenuptial agreement, divorce, legal regulation, legislation of the Republic of Kazakhstan, Family Code, legal culture, mediation.

"Баишев Университеті хабаршысына" жарияланатын мақалалар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде (Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігі 29.01.2004 ж. берген №4645-Ж бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы куәлік, Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігі 07.06.2019 ж. берген №17737-ж бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы қайта ресімделген куәлік) әдістемелік ресімдеу талаптарын басшылыққа ала отырып қабылданады.

"Хабаршының" ISSN 2706-8293 нөмірі бар, бұл тиісті халықаралық реферативтік басылымдарда ол туралы ақпаратты қамтамасыз етеді, сондай-ақ 2014 жылы "ҰМҒТСО" АҚ қазақстандық дәйексөз алу базасымен реферирленетін және дәйексөз алатын журналдар тізіміне енгізілген, 2016 жылдан бастап журналдың ақпараттық маңыздылығының сандық көрсеткіші (импакт – фактор) 0,06 құраған.

Библиографияны қоса алғанда, мақаланың көлемі компьютерде терілетін мәтіннің 3 бетінен кем болмауы және 7 беттен аспауы тиіс (Microsoft Word редакторы).

Мақаланы ресімдеуге қойылатын техникалық талаптар:

- формат-Microsoft Word\*.doc;
- қаріп-Times New Roman;
- қаріп өлшемі-12;
- жоларалық интервал-1;
- мәтінді туралау-ені бойынша;
- абзац шегінісі - 1 см. абзац шегінісін бос орындармен немесе кестелермен жасамаңыз;
- жиектері: жоғарғы және төменгі-25 мм, сол және оң-20 мм;

#### Мақала құрылымы

MPHTI (Times New Roman 12pt, сол жақта туралау, абзацтың бірінші жолының шегінісі жоқ)

#### Мақала авторының (авторларының) аты-жөні

(Times New Roman 12 pt, қалың, ортасында туралау, абзацтың бірінші жолының шегінісі жоқ. Егер мақала авторлары бірнешеу болса, онда авторлардың тегі жол үсті белгісі арқылы нөмірленіп көрсетіледі)

#### Мекеменің немесе ұйымның атауы, елі

(курсив, шрифт Times New Roman 12 pt, абзацтың бірінші жолының шегінісіңіз, тасымалсыз ортаға туралау. Егер мақала авторлары бірнешеу болса, онда бұл ақпарат әр авторды жол үсті белгісі арқылы нөмірлей отырып қайталанады)

#### E-mail

(курсив, шрифт Times New Roman 10 pt, абзацтың бірінші жолының шегінісіңіз ортасында туралау, тасымалсыз, 6 pt дейінгі аралық. Егер мақала авторлары бірнешеу болса, онда бұл ақпарат әр авторды жол үсті белгісі арқылы нөмірлей отырып қайталанады)

#### Мақала атауы

(Шрифт Times New Roman 12 pt, қалың, ортасында туралау)

Мақала мәтінінің алдындағы 1 интервалдан кейін аннотация (Times New Roman 12 pt, қалың, ортасында Туралау) және кілт сөздер (курсив, қалың, Times New Roman 12 pt қарпі, абзацтың бірінші жолының шегінісіңіз) жарияланатын материалдың тілінде (қазақ, орыс, ағылшын) және әдебиеттер тізімінен кейін көрсетілген екі тілде беріледі

Мақала 1 интервалдан кейін мақала орналастырылады. Кестелерде, суреттерде, формулаларда символдарды, белгілерді белгілеуде әртүрлі оқулар болмауы тиіс. Суреттер анық болуы керек. Мәтіндегі суреттер мен кестелерде сілтемелер болуы керек. Мәтінде формулалар саны



минималды болуы керек. Формулалар тиісті редакторға терілуі керек (математикалық және химиялық формулалар үшін). Кестелер аталуы керек, оларда бос графиктердің болуына жол берілмейді. Шартты қысқартулар мен символдар ескертуде түсіндірілуі керек.

Суреттер.

Суреттердің қолтаңбалары - TimesNewRoman 12 pt қарпі, абзацтың бірінші жолының шегініссіз; ортасында туралау, тасымалсыз. Суреттің қол қоюының астында Ескертпе (TimesNewRoman 10pt, курсив, сол жақ шеті бойынша теңестіру, абзацтың бірінші жолының шегінісі жоқ) орналасады, онда суреттің өз бетінше немесе дереккөздер негізінде жасалғанына қатысты түсініктемелер беріледі.

Кестелер.

Кестелердің атауы - TimesNewRoman қарпі 12pt, абзацтың бірінші жолының шегінісі жоқ, ені бойынша туралау, трансферттермен.

Егер мақалада бір кесте болса, онда оның реттік нөмірі қойылмайды, "кесте" сөзі жазылады және тек оның атауы беріледі. Кестенің атауы мен кестенің өзі арасында бос аралық бар.

Кестелердегі бос бағандарға жол берілмейді.

Кестенің соңғы жолында ескерту (Note) (TimesNewRoman 10pt, сол жақ жиекпен туралау, абзацтың бірінші жолының шегініссіз) орналасқан, онда кесте дербес немесе дереккөздер негізінде жасалған-жасалмағанына қатысты түсініктемелер беріледі.

Формулалар

Фракциялар, радикалдар, қосындылар, интегралдар, жұмыстар, матрицалардан тұратын күрделі формулалар Microsoft Office пакетіне кіретін формула редакторларында - Microsoft Equation немесе MathType терілуі керек. Таңбалар кестесінде тек сандар, латын әріптері және математикалық белгілер бар қарапайым формулалар мәтіннің бөлігі болуы керек-мұндай жағдайларда қосымша қосымшаларды қолданудың қажеті жоқ.

Мақаланы журналға жібермес бұрын материалдардың жалпы емлесін, тиісті терминдердің дұрыс жазылуын және жұмыс мәтіні мен сілтемелердің дизайнын мұқият тексеру керек.

Журналда жариялау үшін жұмыс мәтінін ұсына отырып, автор өзі туралы барлық ақпараттың дұрыстығына, шығарманың қолжазбасында плагиаттың және заңсыз көшірме алудың басқа түрлерінің болмауына, мәтіннің барлық жағынан дұрыс ресімдеуге кепілдік береді.

Қарауға бұрын басқа басылымдарда жарияланбаған мақалалардың түпнұсқа қолжазбалары ғана қабылданады. Олай болмаған жағдайда баспагер мақаланы жарияланымнан (таратудан) алып тастау және автордан осыған байланысты баспагерде болған залалдың орнын толтыруды талап ету құқығын өзіне қалдырады.

Ережені бұза отырып пішімделген немесе грамматикалық, орфографиялық қателері көп, ағылшын тіліне автоматты аудармасы бар мақалаларды редакция қабылдамайды және авторларға қараусыз қайтарылады.

Редакция қажет болған жағдайда авторлардан қосымша эксперименттік деректерді сұратуға құқылы. Егер мақала ағылшын тіліне аударылған болса, онда редакциялық алқа автордан мақаланың бастапқы нұсқасындағы тілде сұратуға құқылы.

#### Әдебиеттер тізімі

1 интервалдан кейін әдебиеттер тізімі жарияланған материалдың мәтінінен кейін орналастырылады. Әдебиеттер тізімі 7-8 атаудан кем болмауы және 15 атаудан артық болмауы тиіс. Мақаладағы сілтемелерді нөмірлеу әдебиеттер тізіміндегі дереккөздің реттік нөмірі бойынша жүргізіледі. Мұрағаттық материалдар тізімге енгізілмейді, оларға сілтемелер мәтінде дөңгелек жақшада орналастырылады. Мақалада электрондық ресурстардан немесе қашықтықтан қол жеткізуден (Интернеттен) алынған дереккөздерді пайдаланған кезде әдебиеттер тізімінде дереккөздің библиографиялық жазбасы және Интернеттегі толық желілік мекен-жайы бар желілік ресурсқа сілтеме келтіріледі. Ресурсқа жүгіну күнін көрсеткен жөн.

Ескерту. Әдебиеттер тізімі MEMCT 7.1–2003 "Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Құрастырудың жалпы талаптары мен ережелері". Мақала мәтініндегі дереккөздерге сілтемелер тек тік жақшада беріледі [12].

Бір нөмірге бір автордың 2-ден аспайтын мақаласы қабылданады. Редакцияға мақаланың электронды нұсқасын басып шығаруға толық сәйкес ұсыну қажет. Файл атауы бірінші автордың тегінен басталуы керек. Қажет болған жағдайда мақала авторға пысықтауға қайтарылуы мүмкін. Редакция мақаланың мағынасын бұрмаламайтын мәтінге редакторлық өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Жариялауға арналған материалдар мына мекен-жай бойынша қабылданады:

030000, Ақтөбе қаласы, Ағайынды Жұбанов, 302 а, Баишев университеті, тел.: (7132) 974081.

E-mail:vestnik@bu.edu.kz

Методическое руководство к оформлению статей, публикуемых в «Вестник Баишев Университета» (свидетельство о постановке на учет средства массовой информации №4645-Ж, выданное Министерством информации Республики Казахстан от 29.01.2004 г., переоформленное свидетельство о постановке на учет средства массовой информации на учет №17737-ж, выданное Министерством информации Республики Казахстан от 07.06.2019 г.,) В «Вестник Баишев Университета» статьи принимаются на казахском, русском и английском языках.

«Вестник» имеет номер ISSN 2706-8293, что обеспечивает информацию о нем в соответствующих международных реферативных изданиях и в 2014 году включен в список журналов, реферируемых и цитируемых Казахстанской базой цитирования АО "НЦГНТЭ", с 2016 года количественный показатель информационной значимости журнала (импакт-фактор) составил 0,06.

Объем статьи, включая библиографию, должен быть не менее 3 страниц и не более 7 страниц текста, набираемого на компьютере, (редактор Microsoft Word).

Технические требования к оформлению статьи:

- формат-Microsoft Word\*.doc;
- шрифт-Times New Roman;
- размер шрифта-12;
- межстрочный интервал-1;
- выравнивание текста-по ширине;
- абзацный отступ - 1 см. не делайте абзацный отступ с пробелами или табуляциями;
- поля: верхняя и нижняя-25 мм, левая и правая-20 мм;

#### Структура статьи

МРНТИ (Times New Roman 12pt, выравнивание по левому краю, без отступа первой строки абзаца

Инициалы и фамилия автора (авторов) статьи

(Times New Roman 12 pt, полужирный, выравнивание по центру, без отступа первой строки абзаца. Если авторов статей несколько, то фамилии авторов указываются с нумерацией через надстрочный знак).

Название учреждения или организации, страна

(курсив, шрифт Times New Roman 12 pt, выравнивание по центру без отступа первой строки абзаца. Если авторов статьи несколько, то эта информация повторяется для каждого автора с нумерацией авторов через надстрочный знак)

E-mail

(курсив, шрифт Times New Roman 10 pt, выравнивание по центру без отступа первой строки абзаца, без переносов, интервал перед 6 РТ. Если авторов статьи несколько, то эта

информация повторяется для каждого автора с нумерацией авторов через надстрочный знак)

#### Название статьи

(Шрифт Times New Roman 12 pt, жирный, выравнивание по центру)

Через 1 интервал перед текстом статьи аннотация (Times New Roman 12 pt, полужирный, выравнивание по центру) и ключевые слова (курсив, полужирный, шрифт Times New Roman 12 pt, без отступа первой строки абзаца) приводятся на языке публикуемого материала (казахский, русский, английский) и после списка литературы на двух других указанных языках.

#### Статья

Через 1 интервал размещается статья. В таблицах, рисунках, формулах не должно быть разночтений в обозначении символов, знаков. Рисунки должны быть четкими. Рисунки и таблицы в тексте должны содержать ссылки. Количество формул в тексте должно быть минимальным. Формулы должны быть набраны в соответствующем редакторе (для математических и химических формул). Таблицы должны быть озаглавлены, не допускается наличие в них пустых граф. Условные сокращения и символы должны быть объяснены в примечании.

#### Рисунки

Подписи к рисункам-шрифт TimesNewRoman 12 pt, без отступа первой строки абзаца; выравнивание по центру, без переносов. Под подписью рисунка располагается Примечание (TimesNewRoman 10pt, курсив, выравнивание по левому краю, без отступа первой строки абзаца), где даются комментарии относительно того, что составлен ли рисунок самостоятельно либо на основе источников.

#### Таблицы

Название таблиц-шрифт TimesNewRoman 12pt, без отступа первой строки абзаца отсутствует, выравнивание по ширине, с переносами.

Если статья содержит одну таблицу, то ее порядковый номер не проставляется, пишется слово "таблица" и дается только ее название. Между названием таблицы и самой таблицей имеется пустой интервал. Пустые графы в таблицах не допускаются.

В последней строке таблицы находится Примечание (Note) (TimesNewRoman 10pt, выравнивание по левому краю, без отступа первой строки абзаца), где даются комментарии относительно того, составлена ли таблица самостоятельно или на основе источников.

#### Формулы

Сложные формулы, содержащие дроби, радикалы, суммы, интегралы, работ, произведения, матрицы, следует набирать в формульных редакторах, входящих в пакет Microsoft Office - Microsoft Equation или MathType. Простые формулы, содержащие только цифры, латинские буквы и математические знаки, имеющиеся в таблице символов, должны быть частью текста - в таких случаях не нужно использовать дополнительные приложения.

Перед отправкой статьи в журнал необходимо тщательно проверить общее написание материалов, правильность написания соответствующих терминов и оформление текста работы и ссылок.

Представляя текст работы для публикации в журнале, автор гарантирует достоверность всей информации о себе, отсутствие плагиата и других форм незаконного копирования в рукописи произведения, правильное оформление всех заимствований текста.

К рассмотрению принимаются только оригинальные рукописи статей, ранее не опубликованные в других изданиях. В противном случае издатель оставляет за собой право снять статью с публикации (распространения) и требовать от автора возмещения убытков, возникших у издателя в связи с этим .

Статьи, отформатированные с нарушением правил или содержащие большое количество грамматических и орфографических ошибок, с автоматическим переводом на английский язык, не будут приняты редакцией и будут возвращены авторам без рассмотрения.

Редакция имеет право при необходимости запросить у авторов дополнительные экспериментальные данные. Если статья была переведена на английский язык, то редакционная коллегия вправе запросить у автора исходный вариант статьи на языке.

#### Список литературы

Список литературы размещается через 1 интервал после текста публикуемого материала. Список литературы должен составлять не менее 7-8 наименований и не более 15 наименований. Нумерация ссылок в статье производится по порядковому номеру источника в пристатейном списке литературы. Архивные материалы в список не включаются, ссылки на них размещаются в тексте в круглых скобках. При использовании в статье источников из электронных ресурсов или удаленного доступа (Интернета), в списке литературы приводится библиографическая запись источника и ссылка на сетевой ресурс с полным сетевым адресом в Интернете. Желательно указать дату обращения на ресурс.

Примечание. Список литературы ГОСТ 7.1-2003 «Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления». Ссылки на источники в тексте статьи даются только в квадратных скобках [12].

В один номер принимается не более 2-х статей одного автора. В редакцию необходимо представить электронную версию статьи в полном соответствии с ее распечаткой. Имя файла должно начинаться с фамилии первого автора. При необходимости статья может быть возвращена автору на доработку. Редакция оставляет за собой право внесения в текст редакторских изменений, не искажающих смысл статьи.

Материалы для публикации принимаются по адресу:

030000, г. Актобе, ул. Б. Жубанова, 302 а, университет Баишева, тел.: (7132) 974081.

E-mail:vestnik@bu.edu.kz

**БАИШЕВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ  
ВЕСТНИК БАИШЕВ УНИВЕРСИТЕТА**

*Қазақ және орыс тілдерінде үш айда бір рет шығарылады  
Выпускается один раз в три месяца на казахском и русском языках*

Формат А4  
Көлемі / Объем 5,3 баспа табақ  
Таралымы / Тираж 100 дана  
Басуға қол қойылды / Подписано в печать 25.12.2024 ж.

**БАИШЕВ УНИВЕРСИТЕТІ**

**® ЖУРНАЛ НАБРАН И СВЕРСТАН В РЕДАКЦИОННО-ИЗДАТЕЛЬСКОМ ОТДЕЛЕ  
БАИШЕВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Жарияланған мақала авторларының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.**

**Мақала мазмұнына авторлар жауап береді.  
Қолжазбалар өңделмейді және авторға қайтарылмайды.**

**Опубликованные материалы авторов не отражают точку зрения редакции.**

---

**Редакцияның мекен-жайы: 030000, Ақтөбе қаласы, ағайынды Жұбановтар көшесі,  
302А**

**Адрес редакции: 030000, г. Актобе; ул. Братьев Жубановых, 302А тел. 97-40-83, 52-  
36-00**